Oıyl

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады

uil-gazet@mail.ru

№1 (7739), 4 қаңтар, жұма, 2019 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАЛЫ МАРАПАТ ПЕН МЕРЕЙ

ЖУЫРДА «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ» АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА «ҒАЖАЙЫП ЖАҢА ЖЫЛ» АТТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАЛЫ ӨТТІ. ОҒАН АУДАНДАҒЫ БАРЛЫҚ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫНАСТЫ. ОНДА АЛДЫМЕН ӨТКЕНІ ЖЫЛЫ ЯҒНИ, ИТ ЖЫЛЫНДА ЖАСАЛҒАН ИГІ ІСТЕР ЖӨНІНДЕ БЕЙНЕБАЯН КӨРСЕТІЛДІ. ОДАН КЕЙІН АУДАН ӘКІМІ ДАСТАН ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ БАРША БӨЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АЛҒЫСТАРЫН БІЛДІРЕ ОТЫРЫП, ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Сонымен бірге «Жыл адамы» атақтарымен төсбелгілерін тағып, алғыс хаттарын ұсынды. «Ойыл ауданының жыл адамы - 2018» атағымен алғашқы болып, «Дару клиникасы» оңалту орталығының балалар неврологиясы бөлімшесінің меңгерушісі Әдемі Демеуова марапатталды.

Айта кетсек, Әдемі Қажымұқанқызы өткен жылы ауданымызға арнайы келіп, 47 баланы қарап, ем тағайындаған. Ақтөбе қаласындағы Ойыл ауданының күндері аясында белгілі дәрігерлермен бірлесе отырып, 7 балаға күрделі ота жасап, 45 баланы тегін қабылдаған.

Әрі қарай тарқатып айтсақ, «Ойыл ауданының жыл адамы - 2018» атағы жеке кәсіпкер Жандос Сидағалиевқа, ауданның мәдениет саласын дамытуға қосқан зор үлесі үшін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Шамшырақ Жоламановаға, ауданның білім беру саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін аудандық білім бөлімінің басшысы Ербол Тлеповке, ауданның білім беру саласындағы абыройлы еңбегі үшін Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының директоры Роза Ұлықпановаға, мемлекеттік қызметтегі ұзақ жылғы абыройлы еңбегі үшін аудан әкімі аппаратының бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Қыдырғали Жақасовқа, «Бақытты балалық шақ» облыстық фестиваль байқауының бас жүлде иегері, мәдениет саласындағы жоғарғы жетістігі үшін жас өнерпаз Ақниет Боранбайұлына, аудан халқын сапалы жергілікті көкөніспен қамтамасыз етудегі қажырлы еңбегі үшін «Спарта» шаруа қожалығының төрағасы Спартак Төремұратовқа, кәсіпкерлік саладағы үздік қызметі үшін жеке кәсіпкер Күлжамал Әліпке, ауданда ұлттық спорт түрін дамытуға қосқан зор үлесі үшін аударыспақтан ҚР спорт шеберлігіне үміткер Ринат Смағұловқа берілді.

Мерекелік кеш әрі қарай концерттік ойын – сауық бағдарламасымен жалғасып, мерекелік дастархан басындағы ыстық лебіздер мен құттықтау тілектерге ұласты.

P.S.

Айта кетсек, жаңа жыл мерекесі қарсаңында өткен көңілді отырысқа қатынасқан барлық қонақтардың жаңа жылдық кешке кіру билеттерінен түскен қаржы көмекке мұқтаж мүмкіндігі шектеулі жандарға аударылады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«3» қаңтар 2019 жыл № 28 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс жиырма тоғызыншы
сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 28 қыркүйек 1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасының 23 қаңтар 2001 жылғы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 18 бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 22/215 қаулысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма тоғызыншы сессиясы 2019 жылдың 10 қаңтары күні сағат 15.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелерін сайлау туралы
2. Аудандағы учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы
3. Басқа да мәселелер.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы: И.Ш.Берғалиев

КЕМЕРЛІКТЕР ҚОС ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ

БҮГІН САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ҚР ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫНЫҢ «ТУҒАН ЖЕР» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӨҢІР БАСШЫСЫ БЕРДІБЕК МӘШБЕКҰЛЫНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНАН БӨЛІНГЕН 65 МИЛЛИОН 520 МЫҢ ТЕҢГЕГЕ САЛЫНҒАН ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ ЖАҢА КЛУБ АШЫЛДЫ.

Айтулы клуб ойылдықтар үшін «Тәуелсіздік» жылдарының алғашқы тартуы. Олай дейтін себебіміз, бұған дейін ауданымыздағы клубтар күрделі жөндеулерден өткенімен еш жерде жаңа клуб салынбаған. Сондықтан Жаңа жыл мерекесі қарсаңында саралжындықтарға үлкен қуаныш сыйлаған жаңа клубтың ашылу салтанатында аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы мен еңбек ардагері, Ойыл ауданының «Құрметті азаматы» Жақсылық Бисалиевтің құттықтау, тілектері туған жерді көркейту жолында ел үшін аянбай еңбек етуге шақырды.

Оған қоса аудан әкімі Дастан Сағыров халықтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында Саралжын дәрігерлік амбулаториясына жаңа санитарлық автокөліктің кілтін табыстады. Одан кейін жыл қорытындысы бойынша ауданның кәсіпкерлік, білім, мәдениет, спорт саласының дамуына қосқан елеулі үлестері үшін жеке кәсіпкер Қармыс Жаманов, Әнуар Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің мұғалімі Галия Бахаева, аудандық облыстық оқушылар арасындағы білім сайыстарында жеткен жетістіктері үшін Әнуар Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің оқушысы Мейірбек Жексенов, Саралжын ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкері Аманжол Шаңбасов, Аққемер ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Тұрғангүл Сағынова, Әнуар Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі Мөлдір Сабыровалар аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. Жаңа клубтың лентасын ауыл ақсақалы, еңбек ардагері, Ойыл ауданының «Құрметті азаматы» Жақсылық Бисалиев, еңбек ардагері Еділ Жаниязов, зейнеткер, еңбек ардагері Талжібек Тайшыбаева қиды. Осылайша кемерліктер бір күнде қос қуанышқа кенелді. Әрі қарай жаңа клубтың ішін «Ақ Әже» халықтың ансамблі «Ақ әжелер әуені» атты мерекелік тартуларымен қыздырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«ЖОЛ – БАЗАР» ДҮКЕНІ АТА-АНАҒА ҚҰРМЕТТІҢ КУӘСІ

ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА АУДАННЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ БІРНЕШЕ ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ. ҚҰМЖАРҒАНДА АУЫЗ СУ ҚҰБЫРЫ ІСКЕ ҚОСЫЛСА, КЕМЕРДЕ ЖАҢА КЛУБ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. АЛ, ОЙЫЛДАҒЫ АХМЕТЖАН ҚОЙШЫҒҰЛОВ КӨШЕСІНІҢ БІР БӨЛЕГІНДЕГІ ТҰРҒЫНДАР БЕЛГІЛІ КӘСІПКЕР ТАЛҒАТ КҮМІСҚАЛИЕВТІҢ «ЖОЛ – БАЗАР» АТТЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІНІҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА КУӘ БОЛДЫ.

Мереке қарсаңындағы қуанышқа көршілері түгелге жуық жиналды. Жұртшылықты қос қуанышпен құттықтаған ауыл әкімі Дәурен Бисебаев кәсіпкерге табыс тілесе, мерекелік лебізін жаудырған көшенің үлкен көршілері Жүсіпқали ағамыз бен Ғалия анамыз дүкеннің лентасын қиды. Жақсы іске сүйсінген көрші әжелер шашу шашып, балаларды мәз қылса, Талғат пен сол көшенің тұрғыны «Диана» магазинінің иесі Бибіжан Қыдырбаева отбасыларының атынан көшенің кішкентай тұрғындарына мерекелік сыйлықтар таратты. Соңынан дүкен иесі қуанышын бөлісуге келген көршілерін мерекелік дастарханға шақырды. Дастархан басында жалғасқан жылы лебіздер барысында дүкеннің атауын түсіндірді. Яғни, ертеректе дүниеден озған әкесі Жолдасқали мен анасы Базардың құрметіне қойылыпты. Бізде жаңа кәсіп иелеріне сәттілік тіледік!

Редактор бағаны

АРМЫСЫҢ 1725 ОҚЫРМАН!

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КҮНТІЗБЕНІҢ ТАҒЫ БІР ЖЫЛЫ ТАРИХҚА АЙНАЛДЫ. «ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ, КЕЛЕР ЖЫЛДАН ҮМІТ КӨП» - ДЕЙТІН ХАЛЫҚТЫҢ ҰРПАҒЫМЫЗ. ӨКПЕ АРТСАҢ ДА, ТАРИХТЫҢ ДӨҢГЕЛЕГІ КЕРІ АЙНАЛМАЙДЫ...

Қазыбек бише айтқанда, ойылдықтар «Біз әуелден мал баққан елміз...» Дегенмен дәуірдің көшіне ілесіп, уақыттың тынысын тап басқан жігіттер табыстың тың көзін тауып, «мал табудағы» нарықтың қатал талабының «ығына жығылып», сындарлы саясаттың соны соқпағымен тағы бір жылды тарихтың қойнауына тапсырдық.

Өткен жылы елімізде орын алған елеулі жаңалықтардың лебі Ойылда да оңынан есті. Әрине, қазақша жыл қайыру есебінде доңыз жылы Наурызда кіреді. Былтырғы Наурыздағы «Ит басына іркіт төгілген жыл болсын!» - деген тілегіміз шын қабыл болғандай! Атқамінер азаматтардың әртүрлі мінбеде айтылған межелерінің көбісі жүзеге асты. Малымыз бен жанымыз толықты. Мәселен, теріп өтер болсақ, аудандағы екі ауылға ауыз су құбыры жүргізіліп, қуанышқа кенелсе, кемерліктер Жаңа жылды Тәуелсіздік алғалы ауданда салынған алғашқы клубта қарсы алды. Ойылдың алты көшесіне асфальт төселді. Еңселі екі тұлға – Шығанақ пен Байсалбайға ескерткіш орнаттық. Облыс әкімінің бастамаларын алғашқы болып қолдаған да біздің ойылдықтар! «Аналар форумын» бірінші болып бастадық. «Туған жерге тағзымның» тартуы көп. Оның бәрін термелеп отыру мүмкін емес. Әр ауылда түлектердің сыйы бар. Ал, жерлес дәрігерлердің еңбегін біз бірнеше рет ең бірінші елге жеткіздік, басты жаңалығымызға арқау қылдық. «Туған жерім – Нұрлы елімнің» аясында Ақтөбені екі күн дүбірлеттік. Білім бәйгесінде, спорттық сайыстарда ауданымыздың абыройын көтерген жастар намыс пен рух ұштасқан тәрбиенің жемісін көрсетті. Ауданда алғаш рет ат спортынан, оның ішінде көкпардан сайыстар өтті. Тұңғыш рет бірнеше жерге балалардың спортпен шұғылдануына мүмкіндік беретін шағын алаңдар жасап, «Отбасылық саябақ» салған да біздің жігіттер.

Сонымен... Бұл біздің назарымызға іліккен, ауыз толтырып, елден сүйінші сұраған ең басты жаңалықтар, игі істер... Мүмкін біз көрмей, естімей қалған халық игілігін көрген жақсылықтар да бар шығар!?

Міне, жыл ішінде осындай жаңалықтардың жаршысы болған «Ойыл» биыл тағы 1725 шаңырақтың есігін қағып тұр. Әрине, өздеріңнің қолдарыңа тиген жылдың алғашқы санында көп өзгеріс бар. Газеттің көлемі облыс аудандарының арасында алғашқы лекте Еуропа стандартына көшті. Өйткені, баспаханадағы жаңа үлгідегі басу машиналары осындай қағазға лайықталған. Қағазда осындай форматпен келеді. Демек, көшке ілесуіміз керек. Сонымен қатар газеттің атауын да латын қарпіне көшірдік. Абайша айтсақ, «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» - деген осы.

Сонымен... Тағы да армысыз, 1725 оқырман! Ауданның тағы бір жылдық тарихын бірге жазайық!

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕБІНІҢ ТЕЗИСТЕРІ

Құрметті аудан тұрғындары !

Елбасының 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес қоғамды одан әрі демократияландыру, халықты елде жүргізіліп жатқан реформалар туралы хабардар ету, атқарушы органдардың халық алдындағы ашықтығын, жауаптылығын, есептілігін арттыру мақсатында әкімдердің дәстүрлі есеп беру кездесулері өткізілгелі отыр.

Есептік кездесулер-өткен жылғы атқарылған жұмыстарды саралап, алда тұрған аудан экономикасының дамуының тұрақтылығын сақтау арқылы тұрғындардың әлеуметтік ауқаттылығын одан әрі арттыру жолдарын жетілдіру жолдарын анықтау маңыздылығымен ерекшеленуде.

Өткен жылғы есеп беру кездесулерде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет нысандарының құрылысын жүргізу жөндеу мәселелері жөнінде 7 мәселе көтерілген болатын.

Бүгінгі таңда, олардың ішінде өткен жылғы есептік кездесуде көтерілген «Ойыл-Қараой» автокөлік жолын жөндеу мәселесі бойынша жобалау-сметалық құжаттары жасақталса, «Ойыл-Қаратал» автокөлік жолын оташа жөндеуге 2019 жылы облыстық бюджеттен 115532,0 мың тенге, республикалық бюджеттен 115532,0 мың тенге қаржы қаралып отыр. Ауданда интернет жылдамдығын арттыру мәселесі бойынша 2019 жылы «Қобда-Ойыл» оптикалық-талшықты байланыс желісі құрылысын бастауы жоспарланған. Қаракемер, Ақшатау елді мекендерінде орталықтандырылған ауыз құбыры құрылысын жүргізу бойынша Ақшатау елді мекенінің жобалау-сметалық құжаттары жасақталды.

Есептік кездесуде көтерілген Сарбие дәрігерлік амбулаториясына жедел-жәрдем автокөлігін алу, «Сангерей» лиманды шабындық бөгетіне жөндеу жүргізу, «Ойыл-Сарбие-Қараой»бағытына газ құбырын жүргізуге жобалау-сметалық құжаттарын дайындау бойынша ұсыныстар тиісті облыстық басқармаларда қаралуда.

Ауданның 2018 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы Елбасының 2018 жылы қаңтардағы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы мен Бес әлеуметтік бастамасы және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын ақпараттық сүйемелдеу мен жүзеге асыру шараларынан бастау алып, 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын насихаттау және іске асыру шараларымен жалғасуда.

Аудан әкімдігі жанынан құрылған ақпараттық-насихаттау тобы, облыстық, республикалық ақпараттық насихаттау топтары жыл бойы Елбасының халыққа арнаған Жолдауы мен мақаласын кеңінен насихаттау мен түсіндіру мақсатында елді мекендерде кездесулер мен дөңгелек үстелдер өткізіліп, қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырды.

Мемлекет басшысының алға қойған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру аудан экономикасының ілгері дамуын қамтамасыз етті.

Аудан экономикасының нақты секторында жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізіліп, бюджеттік қаржылардың **толық игерілуі қамтамасыз етілді.**

Аудандық ішкі резервтерді анықтау комиссиясы арқылы салық базасын кеңейту жұмыстары жүргізіліп, бюджетке қосымша жоспардан тыс 30428,63 мың теңге түсірілді.

Оған қосымша, Қараой, Сарбие және Қайыңды ауылдық округтерінің арнайы жергілікті есеп шоттарына жоспарланған 4,4 млн. түсім түсіп, елді мекендерді қосымша абаттандыру мен санитарлық тазалау жұмыстарында игерілді.

Ауданда Ойыл, Саралжын, Көптоғай және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтері 2018 жылдан бастап 4-деңгейлі бюджетке көшіріліп жұмыс жасау-

да.

2019 жылғы мақсат:

бюджеттік тапшылықты барынша қысқарту;

бөлінген бюджеттік қаржының мақсатты да тиімді жұмсалуына тұрақты бақылауды жалғастыру;

жергілікті бюджеттік кіріс түсімдерін ұлғайту бойынша қосымша шаралар қабылдау;

Аудан экономикасының негізін құрайтын ауыл шаруашылығы саласында:

Егіс шаруашылығында көктемгі егілген 550,0 га арпадан 460,0 тонна, 1370 га қырлық тарыдан 1397,0 тонна, суармалы 80 га тарыдан 163,0 тонна жиналып, 50,0 тонна тұқым құйылып, 24 га картоптан 326,0 тонна, 45 га көкөністен 720,0 тонна, 5 га бақшадан 110,0 тонна өнім жиналды.

Мал шаруашылығы саласында мал саны артып, өндірілген өнім жыл санап артып келеді. Мемлекеттік бағдарламалар аясында аудан шаруашылықтарына 119 бас асыл тұқымды ірі қара, 1314 бас асыл тұқымды қой, 96 бас асыл тұқымды жылқы сатып алуына көмек берілді. Мал қыстату науқанына 1,5 жылдық мал азығының қоры жасақталып, мал қыстату науқаны қалыпты өтуде.

Ауыл шаруашылығы саласында «Ойыл несие» және облыстағы несиелік ұйымдар арқылы 27 шаруа қожалығына 290,0 млн. теңге несие алуына қолдау көрсетіліп, мемлекеттік бағдарламалар аясында аудан шаруашылықтарына 119 бас асыл тұқымды ірі қара, 1314 бас асыл тұқымды қой, 96 бас асыл тұқымды жылқы сатып алуына көмек берілді.

Жайылымдық жерлерді суландыру бағдарламасы бойынша 7 шаруа қожалығы қыстақтарына құдық қазуға қолдау көрсетіліп, жоспар толық орындалды.

2018 жылы сұраныс берген шаруа қожалықтарына жеңілдетілген несиемен 30,0 млн. теңгеге ауыл шаруашылығы техникаларын алуға қолдау көрсетілді.

Ауданда құрылған 243 мүшесі бар 11 кооператив тұрақты жұмыс жасауда. 2018 жылы кооперативтер арқылы 300 тонна ет, 150 тонна сүт өндірілді. Ауылшаруашылық өндірістік кооперативтеріне 11 млн. теңге несиеге техникалық паркін жаңартуға, 18 бас асыл тұқымды мүйізді ірі қара мал, 240 бас асыл тұқымды қой сатып алуына қолдау көрсетілді.

«Атамекен» ШҚ базасында аудан орталығында қымызды өндіру цехы ашылып, 2 шаруа қожалығы ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеу цехтарын ашуға жұмыстануда.

Мал дәрігерлік қамту шаралары бойынша бюджеттен бөлінген 51,9 млн.теңге игеріліп, жоспарлардағы белгіленген аурулардың барлық түрлері бойынша алдын алу-емдеу, тексеру жұмыстары толық жүргізілді. Бруцеллезге 43268 бас мүйізді ірі қара тексеріліп - оң нәтиже көрсеткен 240 бас жойылды, 147911 бас қой-ешкі тексеріліп - оң нәтиже көрсеткен 84 бас жойылды. Ауру малдар анықталған 13278 шаршы метр 129 аула-қораларға залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді. Сауықтыру жұмыстары бойынша шектеу қойылған елді мекендерде белгіленген заң талаптарына сәйкес қан алу жұмыстары жалғасу-

да. Ақшатау ауылының малдарынан шектеуден алынды. Қайта өңдеуге тапсырылған, жеуге жарамсыздығы анықталған 41 бас мүйізді ірі қара мал үшін иелеріне 3,0 млн.теңге, 100 бас қой-ешкі мал иелеріне қазан айында 1 млн. теңге қайтарым қаражат төленді. Аудандық бюджеттен қаржы қарастырылып, 809 бас қаңғыбас иттер ауланып жойылды. Дегенмен, аудан тұрғындары арасында ауру малдарды уақыты жоймау және малдарынан қан алдырмау, бірдейлендірмеу сияқты ветеринарлық талаптарды бұзу фактілері әлі де кездесуде. Сондай-ақ, Ойыл селосы тұрғындары арасында малдарды көшеге еркін жайылымға жіберіп, жасыл екпелерді бүлдіру бойынша әкімшілік-құқық бұзушылық жасағандар да кездесуде.

2019 жылғы міндеттер:

1. Мал шаруашылығында: «Агробизнес 2020» мемлекеттік бағдарламасы бойынша кәсіпкерлік субьектілерінің ұсынылған жобаларына қолдау көрсету;

құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүшелерінің санын арттырып, жұмыстарын дамытуға қолдауды;

мемлекеттік бағдарламалар негізінде шаруашылықтардың мал сатып алу үшін ауыл шаруашылық құрылымдарының несие алуларына, лизингтік жүйемен жаңа техникалар алуына, малды асылдандыру жұмыстарына қолдау көрсетуді одан әрі жалғастыру;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпкерлігін ашуға инвесторлар іздестіру;

жұқпалы мал ауруларына қарсы ветеринариялық жұмыстар деңгейін одан әрі жоғарылату;

2. Өсімдік шаруашылығында:

жергілікті көкөніс, картоп, бау-бақша өнімдерімен қамтамасыз етуді одан әрі жақсарту мақсатында суармалы тары, көкөніс алқабын ұлғайту;

- Ойыл селосында тары өнімдерін өңдеу цехын ашу;
- Жылыжай ашуға тілек білдірген кәсіпкерлерге қолдау көрсету;

Жер ресурстарын басқару.

2018 жылы аудан шаруашылықтарына 35813 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер пайдалануға берілді, оның ішінде жаңадан ашылған 12 ауылшаруашылығы субьектілеріне 14803 га жер учаскелері табысталып, өткен жылмен салыстырғанда пайдаланудағы ауылшаруашылығы мақсатындағы жер көлемі артты. Елді мекендер ішіндегі кәсіпкерлік мақсаттағы 1,3 га 21 жер учаскесі сатылып, бюджетке 2147,0 мың теңге түсірілді. Пайдаланылмай жатқан жерлерді қадағалау шаралары жалғастырылып, түсіндіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 16057 га жер учаскесі ауданның босалқы жер қорына қайтарылды. 6522 га жерді пайдаланбай отырған 7 шаруашылық құжаттары тексеру үшін Ақтөбе облысының жерді пайдалануы мен қорғалуын бақылау жөніндегі инспекциясына жолданды. 2019 жылы ауыл шаруашылығы және тұрғын үй құрылысына берілген жерлердің пайдаланылуын бақылау жұмыстары қатаң бақылауға алынып, жалғастырылатын болады.

Кәсіпкерлік саласы.

Ауданның кәсіпкерлік құрылымдары аудан экономикасының дамуына, халықты жұмыспен қамту мәселесін шешуге, қызмет көрсету саласының кеңеюіне өз үлестерін қосуда. Аудан бойынша 48 заңды тұлға, 330 шаруа қожалығы, 440 жеке кәсіпкерлер болып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 25 бірлікке артып немесе 103,2 пайызға өсіп, субъектілер саны 818 бірлікке жетіп отыр. 2018 жыл ішінде аудан кәсіпкерлері тарапынан 135,0 млн.теңге жеке инвестиция тартылып, 12 жаңадан кәсіпкерлік ғимараттары салынып жұмысын бастады. Мемлекеттік жеке-меншік әріптестік аясында

35,0 млн.теңгеге Ойыл ауданы орталығынан қонақ үй-мейрамхана кешені салынуда.

Кәсіпкерлік субъектілердің белсенділігі бойынша заңды тұлға белсенділігі - 85,4 пайыз (48-ден - 41-і белсенді), шаруа қожалықтар белсенділігі-100,0 пайыз (330-дан - 330-ы белсенді), ал жеке кәсіпкерлер белсенділігі-95,5 пайыз (440-тан - 420-ы белсенді) болып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 106,0 пайызға артты. 2018 жылы жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлерге кәсіптерін кеңейту, жаңадан кәсіп ашып, жұмыс орындарын ашу үшін мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіптік негіздеріне оқу ұйымдастырылып жеңілдетілген несие алуға қолдау көрсетілді. **Нәтижесінде 2018 жылы** аудан бойынша 58 кәсіпкерлік субъектілері 391,4 млн теңге көлемінде несиеге қол жеткізді.

- Ауыл шаруашылық қаржылау қолдау қорынан – 174,600 млн.тг
- Ақтөбе АКК мен «Ойыл-Несие» СК нен – 214,3 млн.тг
- «Ауыл» МКО нан – 2,5 млн.теңге көлемінде несиелер алынды.

2019 жылғы жоспар:

- ұсынылған өндірістік және тың кәсіпкерлік жобаларға мемлекеттік қолдау көрсету;
- «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың бағдарламасы аясында шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бөлінген несиелелерді бірінші кезекте өнім өңдеу мен тұрмыстық қызмет көрсету салаларында жаңа жұмыс орындарын ашуға бағыттау;
- ауданда дәстүрлі емес кәсіпкерлік саласын одан әрі дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету;

Әлеуметтік салада жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелеріне ерекше көңіл аударылуда. Жұмыссыздықтың өсуін болдырмау



мақсатындағы Кешенді жоспарға сәйкес 2139 адам жұмыспен қамту шараларымен қамтылды. Өткен 2018 жылы 495 жаңа жұмыс орындары ашылып, өткен жылмен салыстырғанда 72 жаңа жұмыс орнына немесе 117,3 пайызға артты, 756 адам орналастырылып, өткен жылмен салыстырған 67 адамға немесе 109,7 пайызға артты. «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 88 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқытылып, 87 адам оқуды аяқтап, оның ішінде 84 адамның жұмысқа орналасуына ықпал етілді. Аталған бағдарламаның 2-бағыты «Жаппай кәсіпкерлікті» дамыту жобасы аясында «Бизнес-Бастау» жобасы бойынша 137 адам оқытылып, 12 адамға қайтарымсыз грант беріліп, 50 адамның 203,6 млн теңге несие алып, кәсіпкерлік қызметтерін бастауына қолдау көрсетілді. Бағдарламаның 3-бағыты аясында 110 адам әлеуметтік жұмысқа, 124 адам жастар тәжірибесіне, 670 адам уақытша сипаттағы қоғамдық жұмысқа жолданды. Жалпы, аудан тұрғындарының экономикалық тұрғыдан белсенді халық санына шаққанда жұмыссыздық деңгейі – 0,1% пайызды құрап отыр.

2018 жылдан бастап аз қамтылған отбасыларға Жаңа форматтағы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 1469 адамы бар 269 отбасына 58,0 млн.теңге тағайындалып төленді. Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес оңалту Бағдарламалары жүзеге асырылуда. Ауданда мүгедек санаттары бойынша барлығы 443 адам, оның ішінде I топта -36, II топта – 175, III топта - 170 адам және бала кезінен 16 жасқа дейін 62 бала есепте тұрады. Бюджеттік қаржылар есебінен 101 мүгедек сурдо-тифлотехникалық, гигиеналық құралдармен, 7 мүгедек жетек арбамен, 20 мүгедек санаторий-курорттық емдеумен, 31 мүгедекке протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етіліп, тоғыз баланы үйде оқытуға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін мүгедек балалардың ата-аналарына 568,2 мың теңге тағайындалып төленді.

Туберкулездің әртүрлі нысандарымен және онкологиялық аурулармен ауыратын тұрғындарға емделу мерзімі уақытында денсаулық сақтау мекемесінің тізімі бойынша, 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 66 адамға 8639,8 мың теңге тағайындалып төленді. 9 мамыр жеңіс күніне 138 ардагерге 2865,0 мың теңге мерекелі атаулы күнге байланысты, аз қамтылған 209 мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатындарға 1 (бір) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде 3943,6 мың теңге жәрдемақы төленді. 439 мүмкіндігі шектеулі азаматтарға атаулы күніне 13170,0 мың теңге бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетілді.

Жұмысқа қабілетті 2 мүгедектің тұрақты жұмыспен (квота бойынша), 23 қоғамдық жұмысқа, 4 әлеуметтік жұмыс орнына тартылып, 3 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқуға және 1 «Бастау бизнес» бағдарламасы аясында кәсіпкерліктің негізінде оқытылды.

2018 жылғы 1 қазаннан бастап аудан орталығындағы мүгедектерге арналған «Инватакси» қызметі іске қосылды.

2019 жылғы жоспар:

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасына жұмыссыздар мен аз қамтылған отбасы мүшелері есебінен қатынасушылар санын арттыруға ықпал ету;

жүгінген жұмыссыз азаматтардың 65 пайызын, оның ішінде нысаналы топтың 45,0 пайызын жұмыспен қамтуды жүзеге асыру,

мүгедектерге арналған қолжетімді ортаны қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру,

Денсаулық сақтау саласында

Туу көрсеткіші 100,0 мың тұрғынға шаққанда 20,0 бірлікті құрап, өткен жылмен салыстырғанда 45 балаға немесе 112,1 пайызға өсіп (туылған балалар саны-305 (2017 ж-260), табиғи өсім 13,1 бірліктен 14,21 бірлікке жоғарылады. 1 жасқа дейінгі бала өлімі, ана өлімі болған жоқ.

Туберкулезге қарсы 10823 адам тексеріліп, алғашқы сырқаттанғандар саны 8 адам болып отыр. Туберкулез ошағынан оқшалау – 47, бала-бақша – 20, «Шағала» сауықтыру орны – 25, «Курайлы» мектеп интернаты-2.

Аудандық орталық аурухана арқылы амбулаторлы жағдайда тегін рецептпен науқастар тегін дәрі-дәрмектерімен қамтамасыз етіліп, аудандық бюджет есебінен «Туберкулездің әртүрлі нысандарымен және онкологиялық ауру-

лармен ауыратын тұрғындарға» емделу мерзімі уақытында 66 адамға 8110,7 мың теңге тағайындалып, төленді.

Аудан жастарының бастамашылығымен мемлекеттік «Zhasproject» жастар корпусын дамыту жобасы аясында аудандық орталық аурухана жанынан ипотерапия қызметі жұмысын бастады.

Цифрландыру бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізіліп, емдеу мекемелеріне 2,8 млн.теңгеге компьютерлік жабдықтар алынып, 15512 тұрғынға электронды денсаулық паспорты толтырылып, тұрғындардың телефондарына «ДамуМед» мобилді қосымшасының жүктелуі 95 пайызға жеткізілді.

Материалды-техникалық базаны нығайту бойынша ауруханаға 2,3 млн.теңгеге жаңа медициналық құрал жабдықтар, 5766,0 мың теңгеге санитарлық автотранспорт алынды.

Аудандық орталық ауруханада 34 дәрігер қызмет жасауда. 2018 жылы аудандық орталық аурухана 6 жоғары білімді дәрігерлермен толықтырылып, 10,0 мың тұрғынға шаққанда дәрігерлермен қамту көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 16,8 бірліктен, 17,8 бірлікке өсті. Дегенмен, әлі де жоғары білімді 2 дәрігер жетіспейді (ЖТД, УЗИ дәрігері).

Аудандағы емдеу мекемелеріне орналасқан 4 маман 707,0 мың көтерме жәрдемақы алуға, 14365,0 мың теңге тұрғын үй сатып алу үшін кредит алуға кезекке қойылды.

2019 жылғы жоспар:

Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің талаптарын одан әрі қалыптастыра отырып, әлеуметтік маңызы бар аурулар санын азайту мақсатында профилактикалық шараларды одан әрі күшейту;

тұрғындардың туберкулезге қарсы толық тексерумен қамтылуы бойынша шараларды жалғастыру;

емдеу мекемелерін жоғары кәсіби медициналық кадрлармен қамтамасыз ету шараларын жалғастыру;

аудандық орталық аурухана мен ауылдық округтердегігі емдеу мекемелері ғимаратын жөндеуге ұсыну мен емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базаларын одан әрі жақсарту;

Білім беру саласында

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселелері аудан әкімдігінің басты назарында ұсталуда. 2018-2019 оқу жылында 23 мектепте 3240 оқушы оқу жылын бастады. Олардың 1436-ы бастауыш сынып, 1447-сі негізгі орта және 357-і жоғары сынып оқушылары, 1 сыныпқа 370 оқушы қабылданды. Өткен оқу жылында орта мектепті аяқтаған 215 түлектің 120-сы жоғары оқу орындарына түсіп, оның 87-сі мемлекеттік грант иегерлері яғни 40,5%. 83-і арнаулы оқу орындарына түсіп, оның 61-і ақысыз білім алуда.

«Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарына арналған бағдарламасының бірінші бағыты бойынша техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету мақсатында биылғы оқу жылында Ойыл аграрлық колледжіне 50 түлекке жолдама берілсе, Ақтөбедегі арнаулы оқу орындарына 11 түлекке



жолдама берілді. Барлығы 61 түлек жолдамамен оқып жатыр.

2018 жылы облыс әкімімен «Бақытты бала» жылы аясында оқушылардың жазғы демалысы кезінде ерекше мемлекеттік қолдау көрсетілді. Аудан бойынша 2910 оқушы, немесе оқушылардың 96,6 % жазғы демалыспен қамтылды. Бюджеттен 3,5 млн.теңге бөлініп, 60 оқушының Астана қаласына, Түркістан облысының киелі жерлеріне экскурсиялық саяхатқа баруы ұйымдастырылды.

Жалпы «Бақытты бала» жоба аясында 8 блок бойынша – ауданда 77 млн, 580 мың теңгеге 49 іс-шара жүзеге асырылды. (Оның ішінде демеушілік қаржылар есебінен 24 млн. 960 мың теңгеге).

Көмекке мұқтаж отбасы балаларына арналған «Жеті жақсылық» акциясы

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕБІНІҢ ТЕЗИСТЕРІ

ұйымдастырылып, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 12 балаға демеушілік ұйымдастырылып, 954,0 мың теңге көмек берілді. Оның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған 5 балаға «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкіндегі есеп шоттарын толықтыру үшін демеушілік ұйымдастырылып, балалардың жеке есеп шоттарына 2018 жылы 500,0 мың теңге аударылып, 12 баланың есепшотындағы қаржы 850,0 мың теңгеге жеткізілді. Сондай-ақ, осы санаттағы 4 балаға қосымша 104,0 мың теңге қаржылай көмек беру ұйымдастырылды.

23 мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленуші бала саны 1079 құрап, 3 пен 6 жас аралығында балалар мектепке дейінгі оқу-тәрбиемен толық қамтылып, 1-3 жас аралығындағы балалардың қамтылуы - 95,4 % құрайды, ағымдағы жылы екі ауылдық мектептер жанындағы шағын орталық кеңейтіліп, тәрбиеленушілер саны 21 балаға арттырылды.

Аудан орталығында 50 орындық жеке балабақша ғимаратының құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде 1-3 жас аралығындағы балалардың қамтылуы - 98% болады деп күтілуде.

Облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Саралжын ауылдық округінің Бестамақ елді мекенінде жалпы сметалық құны 202,9 млн.теңге құрайтын 50 орындық мектеп құрылысы жүргізілуде. Облыстық бюджеттен 7,0 млн.теңге бөлініп «Жолшы» балабақшасына, 13,0 млн.теңгеге Ойыл қазақ орта мектебі ғимаратына ағымдағы жөндеу, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 1,5

млн.теңгеге Қараой балабақша ғимаратын кеңейту жұмыстары жүргізілді.

2019 жылы Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қосымша ғимаратына, Қараой, Құрман, Сапаққөл орта мектептері ғимараттарын жөндеуге қаржы қаралып отыр. Облыстық бюджеттен 14,7 млн. тенге қаржы бөлініп мектептерге компьютерлер мен жабдықтар және робототехника, ультрафокусты құрылғылар сатып алынды.

Білім беру мектептерін цифрландыру бойынша облыстық бюджеттен -6670,0 мың теңге бөлініп интернет желісінің жылдамдығын күшейту мақсатында 23 мектепке «Білім Медиа бағдарламалар», республикалық бюджеттен бөлінген 3752 млн. теңгеге 28 цифрлық білім беру инфрақұрылымы сатып алынды.

Кадр мәселесін шешу мақсатында 2018-2019 оқу жылына сұранысымызға сәйкес Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінен және Ақтөбе гуманитарлық колледжінен келген 18 жас маман жұмысқа қабылданды.

2018 жылы жұмысқа орналасқан 17 маманға 2823,9 мың теңге көтермеәрдемақы, 10 маманға 29842,0 мың теңге тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит беріліп, 3 маман 9054,0 мың теңге тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит алуға кезекке қойылды.

2019 жылғы жоспар:

- оқушыларға білім беру сапасын одан әрі арттыру бойынша шараларды, оның ішінде дарынды балаларды анықтап, олармен жұмыс жүргізу шараларын жалғастыру;
- мектептер мен бала бақша ғимараттарын жөндеу жұмыстарын жүргізуге ұсыну;
- білім беру ұйымдарының материалдық техникалық жағдайын жақсарту шараларды жалғастыру;
- балаға білім мен тәрбие берудегі мектеп және ата-ананың бірлескен жұмыстарының тиімділігін арттыру;
- инновациялық технологияларды, интерактивті білім беруді іске асыруды дамыту;
- облыстың өзге мектептеріндегі үлгілі іс-тәжірибесін аудан мектептерінде жүзеге асыру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу.

Мәдениет саласында

Халықтың рухани байлығын молайтып, мәдениетін арттыру, ұлттық мәдениетті сақтауда кітапханалар мен түрлі мәдени мекемелердің алар орыны ерекше. Ауданның мәдениет саласында 2018 жылы елордамыз Астана қаласының 20 жылдығына және мемлекеттік мерекелерге арналған шаралар ұйымдастырылды. Аудандық мәдениет үйі жанынан 9 «Халықтық және Үлгілі» атақтары бар шығармашылық топтар және 1063 қатынасушы қамтылған 119 үйірме тұрақты жұмыс жасайды. Аудан өнерпаздары облыстық байқауларда аудан өнерпаздары жүлделі орындарды иеленіп, Ақтөбе қаласында өткен облыстық «Рухани қазына» фестивалінде аудандық мәдениет үйі «Үздік аудандық мәдениет үйі» атанды. Облыс орталығында көпшілік мәдени, қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру арқылы «Туған жерім-нұрлы елім!» атты Ойыл ауданы күндері зор ұйымшылдықпен өткізіліп, халықтың ықыласына бөленді. Ақтөбе облысында облыс әкімінің бастамашылымен өткен Республикалық «Анаға тағзым» аналар слеті облыстағы аудандар арасынан алғашқылардың бірі болып ауданда жалғасын тауып, Батыс Қазақстан, Атырау облысы және көршілес аудан өкілдерінің «Анаға тағзым» аймақтық аналар форумы ұйымдастырылып өткізілді. Форум аясында халықтық «Ақ әже» ансамблінің 10 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті. Аудандық мәдениет үйінің материалдық базасы нығайтылып, жергілікті бюджеттен 5907,0 мың теңге бөлініп, аудандық мәдениет үйіне қосымша сахналық киімдер, кітапханаға жаңа кітаптар алынып, жабдықтармен қамтамасыз етілді. Екпетал ауылдық кітапханасына модельді кітапхана атағы берілді.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы және облыстық бюджеттен бөлінген барлығы 11460,0 млн.теңгеге Аққемер, Қарасу, Ақжар ауылдық клубтары және Мәдениет және демалыс орталығы ғимараты ағымдағы жөндеуден өткізілді. Облыстық бюджеттен 65,520 млн.теңге қаржы бөлініп Саралжын

ауылдық округінде жаңадан ауылдық клуб ғимараты салынып пайдалануға берілді. Ақылы қызмет жоспары 100 пайыз орындалды. «Туған жерге тағзым» акциясы аясында мәдениет жанашырлары мен қызметкерлерінің демеушілігімен 1 млн. теңгеге Қарауылтөбе мұнарасы түрлі-түсті шамдармен безендірілді.

2019 жылғы жоспар:

- мәдени мекемелерді жөндеу мен материалдық-техникалық базасын жақсарту шараларын жалғастыру;
- мәдени мекемелердің ақылы қызмет көрсету ауқымын одан әрі кеңейту шараларын қабылдап, мерекелік шаралар өтетін мәдени орындарды жаңа заман талабына сай безендіру жұмыстарын жүргізу;
- «Туған жерге тағзым» акциясы аясында демеушілік қаржымен Ақшатау ауылында ауылдық клуб ғимаратын салуды ұйымдастыру.

Жастар саясаты

Аудандағы жастар саны (14-29 жас аралығы) 5364 адамды немесе аудан тұрғындарының 31% құрайды. Кәсіпкерлік бастамалары үшін «Бизнес-бастау» кәсіпкерлік негіздеріне оқытылып, 10 жасқа несие алуына қолдау көрсетілді. 25 жас әлеуметтік жұмысқа тартылып 2 жас әлеуметтік жұмы-

сын аяқтап, тұрақты жұмысқа тұрғызылды. Жастар тәжірибесін аяқтаған 12 жас тұрақты жұмысқа орналасты. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 40 жас жұмысқа тартылды. 2018 жылы алғаш рет Мемлекеттік «Zhasproject» жастар корпусын дамыту жобасы қолға алынып, жүзеге асырылуда. Аудан жастарының аталған жоба аясында 11,0 млн.теңге мемлекеттік грандтқа ие болуына қолдау көрсетіліп, бүгінде 34 жас 11 жобаны іске асыруда. Жас мамандарды әлеуметтік қолдау мақсатында 2018 жыл ішінде белгіленген заң талаптарына сәйкес әлеуметтік салалар мен ауыл шаруашылығы саласында жұмысқа орналасқан 29 маманға 4834,6 мың теңге көлемінде көтерме жәрдемақы, 11 маманға тұрғын үй сатып алу үшін 32778,0 мың теңге бюджеттік кредит берілді. 2018 жылғы республикалық бюджеттен бөлінген қаржының жетіспеуіне байланысты 17 маман көтерме жәрдемақы алуға, 7 маман тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алуға кезекке қойылды.

Өздеріңіз білесіздер, Елбасы өзінің 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-аухатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында 2019 жылды Жастар жылы деп жариялағаны белгілі.Осы себепті 2019 жылғы жоспарымызда аудан жастарына мемлекеттік қолдау көрсету бойынша іс-шаралар кешені жасақталып, жүзеге асырылатын болады.

Аталған іс-шаралар аясында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында аудан орталығында 171,0 млн.теңгеге «Жастар өнер орталығы» ғимаратының құрылысы басталды.

Бұқаралық спортты дамыту

Елбасының тапсырмасына орай халықтың жаппай спортпен шұғылдануын одан әрі жақсарту мақсатында аудандағы барлық мектептердің спорт залдары қазіргі заман талабына сай жөнделіп жылдың кез келген мерзімінде жаттығу жасауға мүмкіндік туғызылып, Елбасының 2020 жылға дейін қазақстандықтардың 30 пайызын бұқаралық спортпен қамту жөніндегі тапсырмасы аудан бойынша 5520 тұрғын қамтылып, 29,6 пайызға орындалды. 2018 жылы Ш.Берсиев ауылдық округінде өткен ауыл спортшыларының жазғы аудандық спартакиадасына алғашқы рет ұлттық спорт түрлері аударыспақ, теңге ілу ойындары қосылды.

Облыстық бюджеттен 5,6 млн.теңге, аудандық бюджеттен 1,8 теңге қаржы бөлініп, Ж.Жүсібалиев атындағы ҚОМ ауласынан көп салалы спорт алаңы салынды. «Туған жерге тағзым» акциясы аясында Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, Ж.Жүсібалиев атындағы ҚОМ, Сапаққөл орта мектебі, Ойыл қазақ орта мектебі, Саралжын ауылдық округінде түлектердің демеушілік қолдауымен мұз айдындары жасақталды. 2018 жылы жастардың уақытын тиімді пайдалану мақсатында Қараой ауылдық округінде қазіргі за-

ман талабына сай, «Қобланды» жауапкершілік шектеулі серіктестігінің демеушілігімен 8 млн. теңгеге жасанды-жамылғылы шағын футбол алаңы салынып пайдалануға берілсе, үш воркаут ойын алаңы салынып пайдалануға берілді. Үрдіс жалғасын тауып түлектердің демеушілік қолдауымен қысқы спорттық ойындарға қажетті коньки, шаңғылар алынды.

2019 жылы аудан орталығында денешынықтыру-сауықтыру кешенін салу мақсатында жобалау-сметалық құжаттарына 6 млн.теңге облыстық бюджеттен қаражат бөлінді.

2019 жылғы мақсат:

Елбасының 2020 жылға дейін қазақстандықтардың 30 пайызын бұқаралық спортпен қамту жөніндегі тапсырмасын толық орындау;

елді мекендерде спорт алаңдарының санын ұлғайту, жарақтандыру жұмыстарын жалғастыру ;

көпшілік спорттық шараларға қатынасушы тұрғындар санын одан әрі арттыруға ықпал ету;

қысқы спорттық ойындары және ұлттық спорт түрлерін дамыту шараларын қабылдау;

Құрылыс саласында

Құрылыс жұмыстарының көлемі 914,5 млн.теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 102,5 пайызға , жеке секторда 7627 шаршы метр тұрғын үйлер пайдалануға беріліп, өткен жылдан 106,8 пайызға артты.

Облыстық бюджеттен 57,1 млн.теңге игеріліп, 150 жеке тұрғын үйлер құрылысы учаскелеріне электр желілерінің құрылысы пайдалануға берілді.

2019 жылға жоспар:

жалдамалы-коммуналды тұрғын үйлер салу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу бағдарламасы бойынша бөлінген қаржыларды толық игеру;

тұрғындарға жеке тұрғын үй құрылысын салуға қолдау көрсетіп инженерлік-коммуналдық жүйемен жабдықталған тегін жер учаскелерін беруді одан әрі жалғастыру ;

аудан көлеміндегі жүргізіліп жатқан құрылыс, күрделі жөндеу жұмыстарына қоғамдық бақылау орната отырып, бөлінген қаржының мақсатты игеріліп, құрылыс-жөндеу жұмыстарының белгіленген мерзімде сапалы аяқталуын қамтамасыз ету.

Аудандық маңыздағы автокөлік жолдары

Жолдарды күтіп ұстау жұмыстары негізінен жеңімпаз мердігер арқылы жүргізілуде. Аудан аумағындағы автокөлік қатынасын қамтамасыз ету мәселелері мүмкіндігімізге қарай демеушілік қаржылармен де шешу жолдары қарастырылуда. 2018 жылы ауыл тұрғындарының сұраныстары негізінде демеушілік есебінен көп жылдардан бері шешілмей келе жатқан Саралжын ауылдық округіне қарасты Шиқұдық елді мекеніне өткел салынып, Ойыл ауылдық округіне қарасты Ақшатау өткелі қалпына келтіріліп, Қаракемер ауылы бағы-

тындағы көтерме автокөлік жолына су өткізгіш құрылғы салынды. Көптоғай ауылдық округіне қарасты Қарасу елді мекені аралығындағы өткел салынды.

«Ойыл-Қаратал» автокөлік жолын орташа жөндеу үшін 2019 жылы облыстық бюджеттен 115532,0 мың тенге, республикалық бюджеттен 115532,0 мың теңге қаржы қаралып отыр.

Ойыл селосында биылғы жылы 6 көшеге асфальт төселді.

2019 жылғы жоспар:

«Ойыл-Қаратал» автокөлік жолын орташа жөндеу жұмыстарының басталуына ықпал ету шараларын қабылдау;

аудандық маңыздағы автокөлік жолдарының күтіп ұстау сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

қыс айларында автокөлік жолдарын қардан аршу жұмыстарына елді мекендердегі шаруашылықтар иелігіндегі техникаларды қосымша жұмылдыру;

Ойыл-Қараой бағытындағы автокөлік жолдарын жөндеу үшін жобалау-сметалық құжаттарын дайындауды аяқтап, облыстық бюджеттік комиссияға ұсыну;

Аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылып 2017 жылы басталған Амангелді елді мекеніне су құбырын тарту жұмыстарына республикалық бюджеттен 184726,0 мың тенге бөлініп және Құмжарған елді мекеніне республикалық бюджеттен 173650,0 мың тенге, облыстық бюджеттен 46358,0 мың тенге бөлініп ауыз су құбыры құрылысы салынып пайдалануға берілді.

Сарбие ауылындағы ауыз су құбырындағы ауыз сапасын жақсарту мақсатында 3,1 млн.теңгеге су тазартқыш қондырылды.

Ақжар елді мекеніне ауыз су құбырын тартуға республиқалық бюджеттен 140942,0 мың теңге, облыстық бюджеттен 73093,0 мың теңге бөлініп орталықтандырылған ауыз су құбыры құрылысы жүргізілуде, 2019 жылға республикалық 114655,0 мың теңге бөлініп тамыз айында тапсыру жоспарлануда.

Облыстық бюджеттен 16,5 млн.теңге бөлініп, облыстық басқарма арқылы Ақшатау, Аққемер, Көсембай елді-мекендеріне ауыз су құбырының құрылысы үшін жобалау-сметалық құжаттары жасақталды.

2019 жылғы жоспар:

жобалау-сметалық құжаттары жасақталған елді мекендерде ауыз су құбырын жүргізу құрылыстарын бастау бойынша ұсыныс беріп, шаралар қабылдау;

тұрғындардың тұтынған ауыз су берешектерін болдырмау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрақты бақылау.

Елді мекендерді газдандыру

Бүгінгі таңда аудан орталығындағы 1103 үйдің 97 пайызы табиғи газбен қамтылды. Аудан орталығындағы 83 коммуналдық-жалдамалы тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар газдандырылды. Саралжын ауылдық округінің Бестамақ елді мекенін газдандыру жұмыстарына 350,0 млн.теңге бөлініп, жұмыстар жүргізілуде. Ойылдан Сарбие-Қараой бағытына және Қаратал, Көптоғай бағытына газ құрылысының жобалау-сметалық құжаттарын дайындауға бюджеттік қаржы бөлу жөніндегі ұсынысымыз облыстық деңгейде қаралуда.

Ауданда «Туған жерге тағзым» акциясы бойынша жұмыстар қарқын алуда. Демеушілік қаржылармен 2018 жылы жоспарланған 122,1 млн.теңге тұратын 56 жоба толық жүзеге асырылды. Осы жобалардың ішінде 35,0 млн.теңгеге жоғарыда аталып өткен, Шиқұдық көпірі, Шернияз және Қарағұлов көшелерін асфальттау және Ойыл аграрлық колледжінің колледж түлегі мен мұғалімдеріне арнап салған екі пәтерлі тұрғын үй және Қараой ауылындағы жасанды-жамылғылы футбол алаңы, отбасы саябағы салынды.

Қалған қаржыларға аудан мектептерінің спорттық, материалдық-техникалық базалары нығайтылып, елді мекендерді абаттандыру, көркейту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Аудан орталығында «Отбасылық саябақ» ашылып, Қараой және Саралжын елді мекендерінде «Анаға тағзым» ескерткіштері салынды. Аудан елді мекендерін көркейту жұмыстары қарқын алып, аудан орталығында 2 сквер, 1 саябақ салынып пайдалануға берілді.
Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан қоғам қайраткері Байсалбай Жолмырзаевтың 90 жылдығына орай аудан орталығында ескерткіш – бюстті ашылып, әлемге аты аңызға айналған Ақ тарының атасы Шығанақ Берсиев атамыздың ескерткіші орнатылды. Аудандық мекеме басшылары мен ауылдық округтердің демеушілік қолдауымен Ойыл өзені бойындағы көпір маңында спорттық құрылғылармен жабдықталған тегін жағажай ашылды.

Ауданның әр елді мекеніндегі ауыл қамқоршыларының демеушілік қаржыларымен 2018 жылы аз қамтылған отбасылар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 130,2 млн.теңгенің қайырымдылық көмектері көрсетілді. «Туған жерге тағзым» акциясы аясында ауданға демеушілік көрсетіп жүрген азаматтарға ризашылымызды білдіру мақсатында «Жомарт жүрек» форумы ұйымдастырылды.

Аудан елді мекендерін санитарлық тазалау және абаттандыру бойынша сенбіліктер ұйымдастырылып, тұрақты жұмыстар жүргізіліп, санитарлық жұмыстармен бірге, мемлекеттік мекемелер, балабақшалардың кіре-беріс алаңдарын қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілді.

Күзгі кезеңде аудан бойынша 4280 түп ағаш көшеттері отырғызылды.

Жергілікті бюджеттен аудан елді мекендерін санитарлық тазалау бойынша 2600,0 мың теңге, абаттандыру бойынша 8139,0 мың теңге және көшелерді жарықтандыру бойынша 12387,0 мың теңге игерілді.

Қадірлі аудан тұрғындары!

Бүгінде еліміз әлемде өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын жауапты әрі қалаулы халықаралық серіктес ретінде танылып, ТМД және Орталық Азия елдері арасынан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық таңдап алған бірінші мемлекет болды. Еуразия өңірінің қаржылық, іскерлік, инновациялық және мәдени орталығы ретінде қалыптасқан елордамыз – Астананың 20 жылдығын мерейлі қарсы алдық. 2018 жылғы елімізде жеткен жетістіктер ел болып ұйысып, жұрт болып жарасқан халқымыздың ерен еңбегінің жемісі, біздің Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының жеңісі деп түсінуіміз керек.

Елбасы 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауында Қазақстандықтардың әл-аухатының өсуінің негізі-табыс пен тұрмыс сапасын арттыру мақсатында 2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу бағытындағы стратегиялық мақсатқа жету үшін алдымызға үлкен міндеттерді айқындап берді.

Елбасын қолдап, Жолдауда айтылған тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында ел болашағы үшін, соның ішінде ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы, аудан тұрғындарының табыс пен тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарға барша аудан тұрғындары бірлесіп, өзіндік үлесін қосады деп сенемін.

Ауданның өркендеуіне үлес қосқан баршаңызға ризашылығымды білдіре отырып, алдағы есептік кездесулерде аудан халқының ауданның әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге белсенді қатынасуға шақырамын.

МАҚСАТ - ЕЛДІҢ ТІЛЕГІН ОРЫНДАУ

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ЖӘНЕ ҚОҒАМЫМЫЗДАҒЫ БІРЛІКПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫМЫЗДЫ БАҒЫТЫНДА ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОНДАЙ АҚ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНДЕ ЕЛЕУЛІ ІС-ШАРАЛАРМЕН ЕСТЕ ҚАЛДЫ.

1. Округтің демографиялық көрсеткіштері

Округтегі жалпы халық саны - 2040 оның ішінде: Қаратал ауылында – 1407 адам, Қарасу ауылында – 125, Құмжарған ауылында – 509 адам тұрады. Еңбек ететіндер 212, зейнеткер – 194, мүгедектер - 51, мектепке дейінгі балалар саны -245, мектеп жасындағы балалар саны – 428, 424-жастар (18-29 жас)тұрады. 2018 жылы дүниеге келген бала саны – 31.

2. «Өңірлерді дамыту» саласы

Округ бойынша әлеуметтік нысандар мектеп, амбулатория, ауылдық клуб үйі, балабақша және кітапханалар толық жөндеуден өткен.

3. Денсаулық саласы

Қаратал ауылында 1 күндізгі стационарлық жұмыс жасаса Құмжарған мен Қарасу ФП жұмыс жасайды. Бас дәрігерімен медперсональдар жұмыс жасайды.

4. Ауылдық санитарлық тазалығы

Қаратал ауылы бойынша қазіргі уақытта бұрынғы күл-қоқыс орны басқа орынға ауыстырылды. Құжаттары жасақталған. Ал Құмжарған мен Қарасу мекендерінде белгіленген жерлерге тұрмыстық қалдықтарды төгеді.

5. Абаттандыру және көгалдандыру

Округтегі мекемелер айналасына сенбілік жұмыстары жүргізілді. Көгалдандыру саласы бойынша Ш.Берсиев атындағы орта мектеп 50 тал, Ш.Берсиев ауылдық амбулаториясы 30 тал, Ш.Берсиев ауылдық клубы және округ әкімдігінің балансындағы тұрған паркте 1000 түп қарағаш, Соркөл орта мектебінде 30 тал және округ тұрғындары 50 түп тал отырғызды. Барлығы 1160 тал егілді.

6. Ауыз сумен қамтамасыз ету округ орталығында ауыз су құбыры тартылған. Құмжарған ауылына «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша ауыз су құбыры тартылды. Қазіргі уақытта 60 тұрғын үй қамтамасыз етілген.

Қарасу елді мекені бойынша 19 тұрғын үйге 2 ұңғыма құдығы қазылған. Қалған тұрғын үйдің иелері округ орталығынан тасымалдайды.

7. Білім саласы Ш.Берсиев атындағы орта мектебі 2018-2019 оқу жылына 264 бала, Соркөл орта мектебінде 113 бала, және «Құрман» бастауыш мектебінде 7 бала оқуға тартылды. Ш.Берсиев орта мектебі ғимаратына 10 бейне бақылау, 4 графа проектор комплектісімен орнатылды. Кадр мәселесі бойынша 2018-2019 оқу жылында 2 жас маман мамандығы бойынша еңбек жолын бастады. 2017-2018 оқу жылында барлығы 22 бала 11 сыныпты аяқтады. Оның ішінде 12 оқушы ҰБТ-ға қатысты. Сапа көрсеткіші 61%, жоғары оқу орнына грантқа 12 оқушы түсті. Аз қамтылған, жартылай жетім және мүмкіндігі шектеулі балалар ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

Соркөл орта мектебінде бойынша ғимаратына бейне бақылау орнатылмаған, 3 графа проектор комплектісімен орнатылды. Кадр мәселесі бойынша 2018-2019 жылында 29 мамандығы бойынша жұмыс жасайды. 2017-2018 оқу жылында барлығы 9 бала 11 сыныпты аяқтады. Оның ішінде 7 оқушы ҰБТ-ға қатысты. Сапа корсеткіші 89,1%, жоғары оқу орнына грантқа 5 оқушы түсті. Аз қамтылған, жартылай жетім және мүмкіндігі шектеулі балаларға ыстық тамақпен 10 оқушы қамтамасыз етілген.

8. Мәдениет саласы

Округте бір модельді, екі кітапхана және, екі клуб үйі тұрақты қызмет етеді. Мәдени көпшілік шаралар, мәдени қызметкерлері, ауыл жастары мен мектеп ұжымы мен бірлесе отырып мерекелік жиындар жиі өткізіліп отырады. Мәдениет саласында ұйымдастырылған іс-шаралар саны оның ішінде Елбасы жолдауын түсіндіру мақсатында 10 іс-шара, жастарға тәрбие беру мақсатында 8 іс-шара, мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс саны 5, дін және экстремизимге байланысты 15 іс-шара, сыбайлас жемқорлыққа байланысты 9 іс-шара, және 20 мерекелік іс-шара ұйымдастырылған. 2018 жылы округ әкімінің шыршасы ұйымдастырылып, 35 бала қамтылды.

9. Дене шынықтыру және спорт саласы

Кезекті ауылдық спартакиадасы Қаратал ауылында 9 спорт түрінен өткізілді. 6 округ бойынша 250 адам қатысты. Ауыл тұрғындарының 31 %-ы бұқаралық дене шынықтырумен шұғылданады.

10. Жастар саясаты

Округ бойынша тіркелген жастар саны 570, оның ішінде 80 студент, 130 жас отбасы, 10 толық емес отбасы, 6 мүмкіндігі шектеулі, және жас жұмыспен қамтылған, 220 жас өзін өзі қамтушы, 188 оқушы. Жастар мен студенттердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында спорттық іс-шаралар би кештері және мектепте волейбол, ұйымдастырылған. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 42 жас студенттерді қамтылған.

11. Кәсіпкерлік сала

Округ бойынша 66 шаруа қожалық және 23 кәсіпкер жұмыс жасайды. Бүгінгі күнде ауылымызда наубайхана, монша, тойхана, шаштараз, почта қызметі, сауда дүкендері және такси қызметі ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп,қалыпты жұмыс жасауда.

12. Ветеринариялық шаралар

Округ бойынша жасалған ветеринариялық шаралар бруцеллезге қарсы 4080 бас МІҚ, 17907 бас ҰММ, 10 бас жылқыдан қан алынды. Округке қарасты Қаратал ауылының МІҚ және ҰММ малдарының арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты округ әкімінің «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» 2017 жылғы 14 желтоқсандағы №26 шешімі шығып, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 27.12.2017 жылы 5778 болып тіркелген. Қазіргі таңда Қаратал ауылының МІҚ және ҰММ малдары бруцеллез ауруынан таза шығуына байланысты қан алу жұмыстары тоқтатылады. Округ әкімінің «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» шешімінің күшін жоюға жұмыстар жасалынып жатыр. «Рахат» шаруа қожалығы бойынша (басшысы Мырзекен Анарбек) «Рахат» шаруа қожалығының МІҚ малдарының арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» 2017 жылғы 21 желтоқсандағы №27 шешімі шығып, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 16.01.2018 жылы №5861 болып тіркелген. Қазіргі таңда «Рахат» шаруа қожалығының малдары таза шығуына байланысты Ойыл аудандық Әділет басқармасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2018 жылғы 24 желтоқсанда №3-11-154 болып тіркеуден өтті.

13. «Туған жерге тағзым» акциясы

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» халыққа Жолдауында «Туған жерге – туыңды тік» бөліміне сәйкес кәсіпкерлер, жерлестердің демеушілігімен Ш.Берсиев атындағы орта мектепке тир мылтығы, мұғалімдерге үстел отырғыштарымен, 1960 жылғы туылған түлектер мектеп ауласына демалыс шатырын орнатты. 1967 жылы туылған түлектер Ш.Берсиев дәрігерлік амбулаториясына демалыс шатырын орнатты. Ауыл азаматтарының ұйымдастыруымен «Туған өлкем Қаратал» белгісі орнатылды.

14. Округтегі әлеуметтік сала бойынша Білім беру мекемелері -2 орта мектеп, 1бастауыш мектеп, 1 мектепке дейінгі мекеме, 2 ауылдық клуб, 3 кітапхана, 1 отбасылық амбулатория және 2 фельдшерлік пункт тұрақты жұмыс жасауда. Мәдениет ошақтары ауыл тұрғындарының басын қосуға білімі мен өнерін жетілдіруге мүмкіндігі бар бірден-бір мәдени орталық болғандықтан, көпшілік шаралар ұйымдастырылып, ауыл тұрғындарына өз қызметтерін көрсетуде.

Алдағы міндеттер:

- Округтің көркеюін одан әрі жақсарту үшін «Туған жерге тағзым» акциясы аясында жұмыс жасау.
- Суармалы тары егу жұмысын ұйымдастыру.
- Ауыл тұрғындарына өзен жағасынан бау-бақша егуді ұйымдастыру.
- Шағын кәсіпкерлікті қолдау және жұмыс ауқымын кеңейту.
- Ауылдың келбеті мен санитарлық тазалығын сақтау шараларын кеңінен жүргізу.

А.ИЗБАСОВ,
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР МЕЖЕСІ АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАЛҒАН ЖЫЛ

1. «Өңірлік даму» саласы.

Қараой ауылдық округі бойынша Қараой ауылындағы әлеуметтік нысандар мектеп-балабақша, амбулатория, ауылдық клуб үйі толық жөндеуден өткен. Қараой ауылдық округі бойынша әлеуметтік нысан Қараой мектеп-балабақшасының жанындағы балабақшаға 2018 жылғы «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінген 1,351 мың теңгеге аудандық білім бөлімі арқылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жөндеу жұмыстары кезінде балабақшаның қоршауы ауыстырылды, 7 фонарь орналастырылды, сыртқы есігін және өртке қарсы дабыл жүйесі алмастырылды. Үнемделген қалдық қаржыға Қараой мектеп-балабақшасының терезелерін пластикке ауыстыру және мектеп сыртына сайдинг жүргізу жұмыстарына жобалау сметалық құжат жасақталды.

2. Білім саласы.

Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту саласында 1 балабақша қызмет етеді. Балабақшада 40 бала тәрбиеленуде, балабақшамен қамту 72,7% . Дегенмен балабақшадағы орын тапшылығы әлі де болса орын алып отыр. Осы мәселені шешу үшін балабақша жанынан қосымша бөлмелерді күрделі жөндеу үшін жұмыстың жобалық сметалық құжаттары жасақталды.

Қараой мектеп – балабақшасында 2018-2019 оқу жылында 190 бала білім алуда. Қараой мектеп-балабақшасына 2018 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда пәндік 3 кабинеттің материалдық-базасы толық қамтамасыз етілді. Кадр мәселесі бойынша 2018-2019 оқу жылында 42 мұғалім мамандығы бойынша жұмыс жасайды.

2019 жылға арналған міндеттер:

- Ауыл мектебіндегі оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру, материалдық-техникалық базасын нығайту.
- Облыстық, аудандық деңгейде өткізілетін пәндік олимпиадаларда оқушылардың жетістігін көбейту, шығармашылық белсенділігін арттыру.

3. Денсаулық саласы.

Бұл сала бойынша ауылда 3 көйкелі күндізгі стационарлық амбулатория жұмыс жасайды. Құбасай елді мекенінде 1 МП жұмыс жасайды. Мекеме ғимараты жаңа, жылуы қалыпты. Қазіргі уақытта ауруханаға бас дәрігер қажет етеді. Көгалдандыру жұмыстары бойынша мекеме айналасына 250 түп тал егілді.

Ойыл аудандық ауруханасынан арнайы дәрігер мамандар келіп, жоспарлы тексеруден Қараой мектеп балабақшасынан 105 бала тексеруден өтті. Жекенді ауылдық дәрігер амбулаториясының аға дәрігері Ж.Базарбаева әр апта сайын адамдарды қабылдайды. Ағымдағы жылы дүниеге келген бала саны 21. 2017 жылы 25 бала дүниеге келді.

2019 жылға арналған міндеттер

- Салауатты өмір салтымен өмір сүру және аурудың алдын – алу бойынша халықты ынталандырылып, ақпараттануын арттыру.
- Тұрғындардың денсаулығын сақтау және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мәселелері бойынша түсінік жұмыстарын жүргізу.
- Материалдық техникалық базасын нығайту.

4. Мәдениет саласы.

Округте 1 модельді кітапхана және 1 клуб үйі тұрақты қызмет етеді. Мәдени көпшілік шаралар, мәдениет қызметкерлері, ауыл жастары, мектеп ұжымымен бірлесе отырып мерекелік жиындар, тақырыптық кештер, мәдени шараларды ұдайы өткізіп отырады. Мәдениет саласында ұйымдастырылған іс – шаралар саны 186. «Туған жерім – нұрлы елім» атты Ойыл ауданында Қараой ауылының күні өтті. «Замандас» аналар клубының 5 жылдық мерейтойына «Тағылым» аналар клубы қатынасты. Округ тұрғындары арасында «Үздік мекеме», «Үздік үй», «Үздік шаруа қожалығы» номинациялары тағайындалды.

Қараой модельді ауылдық кітапханасының кітап қоры 11123. Оқырмандар саны 988. 2018 жылы түскен жаңа кітап саны 214. Мүмкіндігі шектеулі жандарға, қарттарға жаңа кітаптарды үйлеріне апарып беру және жайлауда мал бағып отырған азаматтарға көшпелі кітапхана ұйымдастырылды.

2019 жылға арналған міндеттер

- халықтың рухани дамуына ұйтқы болып, ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру.
- тұрғындардың бос уақытын тиімді пайдалану Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры», «Жастар жылы», «Туған жерге тағзым» бағдарламаларын жүзеге асыру бағытында жұмыстану.
- материалдық-техникалық базасын нығайту.

5. Дене шынықтыру және спорт саласы

Ауыл тұрғындарын тұрақты түрде дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2018 жылы ауыл тұрғындарының 32,5% (410 адам) жаппай спортпен айналысатындарды құрады. Облыстық жарыстарға қазақ күресі бойынша 2 адам қатынасты. 1 оқушы жүлделі 3 орын алды. Аудандық деңгейдегі жарыстарға 149 адам қатынасты. Жүлделі I орынмен 11 адам, II орынмен 17 адам, III орынмен 21 адам марапатталды. Аймақтық жарыстар бойынша 74 адам қатынасты. Ауыл ішінде барлығы округ бойынша бұқаралық спорттық 48 іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді. Шараға 2912 адам қатысты.

2019 жылға арналған міндеттер

- бұқаралық дене шынықтыру және спортпен айналысушылардың санын арттыру.
- халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруына жағдай жасау, ынталандыру.
- ұлттық спорт түрлерін дамытуға ықпал ету.

6. Жастар саясаты.

Округтегі тіркелген жастар саны 250. Оның ішінде 66-студент, 46 жас отбасы, 14 толық емес отбасы, 2 мүмкіндігі шектеулі жас бар және 60 жас жұмыспен қамтылған, 37 жас өзін өзі қамтушы, 76 оқушы. Әскер қатарындағы жастар саны-4. Жастар арасында өткізілген іс-шаралар саны 60. Оның ішінде жастарды азаматтыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында-7, Отбасылық құндылықтарды сақтай отырып, қыз балалардың табиғатына тән қасиеттерін жетілдіріп, өмірде өз орнын таба білуіне байланысты -8, Жастар мен студенттердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатындағы спорттық іс шаралар-31, Табиғатты қорғау, ағаш отырғызу мақсатында өткізілген іс шаралар-7 және қарттарға көмек беру, жат ағымдарға аулақ болу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 14 іс шара ұйымдастырылды.

2019 жылға арналған міндеттер:

- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, жастарды патриоттық тәрбиелеуге, ауылдың жұмысшы жастарын қолдауға бағытталған жұмыстарды жүргізу.

7. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп.

Округ жастарымен және 9-11 класс оқушыларымен округ әкімі және учаскелік полиция инспекторымен кездесу жұмыстары өткізілді. Бұл сала бойынша Қараой мектеп-балабақшасында, Қараой ауылдық клубында және Қараой ауылдық модельді кітапханаларында дін және экстремизмге байланысты - 16 іс-шара, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мақсатында – 9 іс-шара, құқықтық және патриоттық тәрбие берудегі әдебиеттік жұмыс саны – 43.

2019 жылға арналған міндеттер

- заң бұзушылық деңгейін төмендету, заң бұзушылықтың алдын алу жүйесін жетілдіру, сондай-ақ, оған ықпал ететін себептермен жағдайларды табу, зерттеу және сол бағытта жұмыстану.

8.Кәсіпкерлік сала

Округ бойынша 32 шаруа қожалығы жұмыс жасайды. Ағымдағы жылы округке 2 шаруа қожалығын және 1 заңды тұлға ашу жоспарланған. Округте жаңадан «Нұр-Ай» және егістік егу бағытында «Қараой» шаруа қожалықтары ашылып, тапсырма 100 % орындалды.

2018 жылы округ бойынша 7 жеке кәсіпкер жолаушы тасымалдау, пластик бұйымдар жасау, музыка жазу, тігіншілік бағытында тұрғындар өз кәсіптерін ашып жұмыстарын бастады. Осы орайда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлерінің бағасын тұрақтандыруды қамтамасыз ету мақсатында меморандум жұмыс жасайды. Меморандумда өнімдерге сауда үстемелерін 15% асырмау қолданылады.

Дәстүрлі емес шаруашылықты дамыту бағытында округ тұрғыны Ұзақбаев Әліби 95 қаз әкеліп, Оразғалиев Кайрат күркетауық бағуда.

Ақтөбе қаласында өткізілген облыстық «Іскер әйел» семинарына округімізден 3 азаматша барып өзара тәжірибе алмасып келді.

2019 жылға арналған міндеттер

- азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру.
- жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін шығару (тұшпара, фарш, ет өнімдері, тары өнімдері)
- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыру, қолдау және жұмыс ауқымын кеңейту.
- «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын жүзеге асыру.

9. Ауыз сумен қамтамасыз ету

Округ орталығына 2013 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша ауыз су құбыры тартылды. Қазіргі уақытта орталықтағы 205 тұрғын – үй толық 100% ауыз сумен қамтамасыз етілген.

2019 жылғы арналған міндеттер

- су резервуарын тазалау.
- су құю мұнарасын сырлау, айналасына құм төсеу.
- су құбырлары орналасқан құдықтарға тазалау жұмыстарын ұйымдастыру.
- Құбасай елді мекенін орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету.

10.Ауыл шарушылығы саласы.

Қазіргі есеп бойынша округте мүйізді ірі қара-3571, қой-9925, ешкі-2912, жылқы-642 малдары бар. 2017 жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара малы 10,2%-ға артқан, қой 8,9%-ға төмендеген, ешкі 9,9%-ға төмендеген, жылқы 12,2%-ға артқан. Барлық малдар сырғаланып, деректік базаға енгізілуде.

«Игілік» бағдарламасы бойынша берілген қой сатып алу тапсырмасы 99 бас. «Әділет» ш/қ (басшысы Ә.Ғазиз) 100 бас және «Нұр-Ай» ш/қ (басшысы С.Аққалиев) 144 бас асыл тұқымды қой сатып алынып тапсырма 246,5% көрсеткішімен орындалды.

Округ тұрғыны, жеке кәсіпкер Бердалиев Қазымбет 6 бас жылқы сатып алуға несие құжаттарын тапсырды.

Егін шаруашылығы бойынша 1600 га жерге дәнді-дақылдар егілді. Оның ішінде «Қараой» ш/қ (Ғ.Займолда) 1500 га жерге дәнді-дақыл екті. Арпа 500 га, түсім 1 га 8,4 ц. Жалпы өнім 420 тонна. Тары 1000 га, түсім 1 га 10,2 ц. Жалпы өнім 1020 тн. «Сатым» АӨК (Ж.Хамзин) 100 га жерге дәнді-дақыл екті. Арпа 50 га, түсім 1 га 8,4 ц. Жалпы өнім 40 тонна. Тары 50 га, 1 га 12 ц. Жалпы өнім 60 тонна.

Қысқы мал азығын дайындау мәліметі бойынша 1,5 жылдық қорын дайындау тапсырмасы 27,0 мың тн. Нақты орындалғаны 27,0 мың тн. Тапсырма 100% орындалды.

Ауыл шаруашылығы тауарларының негізгі түрлеріне бағаның ауытқуын төмендету үшін Ақтөбе, Ойыл орталықтарында өткізілген жәрмеңкеге 18 шаруа қожалық 2,8 млн. теңгенің өнімдері өткізілді.

Тағы бір айта кетерлік қуанышты жағдай, округіміздің тұрғыны Сарсенов Жеңіс Айтқалиұлы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың III дәрежелі Еңбек Даңқ орденімен марапатталды.

2019 жылғы арналған міндеттер

- округтегі мал тұқымын асылдандыру.
- мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын жүзеге асыруды жалғастыру.
- ауыл шаруашылық техникалар паркін жаңарту.

11. Ветеринариялық шаралар бойынша

Округ бойынша жасалған ветеринариялық шаралар бруцеллезге қарсы 6104 бас МІҚ, 18945 бас ҰММ, 8 бас жылқыдан алынды. Құтырыққа қарсы 890 бас ҰММ, 314 ит, 50 мысық егілді. Сібір жарасына 4264 бас МІҚ, 18390 бас ҰММ, 400 бас жылқы егілді. Пастереллезге қарсы 1660 бас МІҚ егілді. Туберкулезге қарсы 5885 бас МІҚ егілді. Маңқаға қарсы 200 бас жылқы егілді. Қарасанға қарсы 3486 бас МІҚ егілді. Эхинококкозға қарсы 271 ит егілді.

2019 жылғы арналған міндеттер

- мал дәрігерлік шараларды жүргізуге ауыл шетінен аула, раскуль, мал тоғыту дәрілеу ваннасы, ұсақ малдарды қырқу пунктін, мал сою алаңын және бордақылау базасын салу жоспарлануда.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету, тіркелген арыздар бойынша

Округ әкім аппараты 18 түрлі қызмет көрсетіледі. Оның ішінде округ әкімдігінде «Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама» мемлекеттік қызметі жыл басынан бері 1265 электронды өтініштер қабылданып, толық қанағаттандырылды. Округ әкімдігіне жеке тұлға бойынша 13 арыз тіркеліп, 13 арыз қанағаттандырылды. Заңды тұлға бойынша 1 арыз тіркеліп қанағаттандырылды. Жеке қабылдау бойынша 3 өтініш тіркеліп, 3 өтініш қанағаттандырылды.

2019 жылға арналған міндеттер

- электронды қызмет көрсету сапасын, санын арттыру.
- «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің электронды жүргізілуіне ықпал жасау.

13. Тұрғындардың жұмыспен қамтылуы.

Округте 1261 адам тіркелген. Экономикалық тұрғыдан жұмыспен қамтылғандар – 790. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны – 575. Кәсіпкерлік субъектілер бойынша – 81. Бюджеттік мекемелерде қызмет жасайтындар – 144. 0-6 жас бала саны – 124. Мектеп жасындағы бала саны – 190. 14-29 жастар саны – 250. Ресми тіркелген жұмыссыздар саны – 20 адам.

Округ бойынша зейнеткерлер саны-129, 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын алатындар саны – 33. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар саны – 22. Мүгедектік зейнетақы алатындар саны-26.

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы бағдарламаның 2-ші бағыты «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін 19 адам оқыды. Тапсырма 172%-ға орындалды. Олардың ішінде, 5-і өзінің жеке кәсіпкерлігін тіркеп жұмыстарын бастады. 2 округ тұрғыны өздерінің кәсіпкерлік мақсаттағы жобаларын қорғап, 480,0 мың теңге грант ұтып алды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы аясында несие алғандар саны – 4. Рәсімделген несие құны – 21,5 млн. теңге. Ауылшаруашылық техникаларына тартылған инвестиция құны – 19 млн.теңгені құрады. Барлық рәсімделген несие құны – 40,5 млн.теңге.

«Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 30 жас, ақылы қоғамдық жұмысқа 20 адам, барлығы 50 жұмыссыз тұрғын маусымдық жұмысқа тартылды. Округте ағымдағы жылы 7 тұрғын өзінің жеке кәсіпкерлігін ашты, шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындары 5 жұмысшы, мекемелерге 3 жұмысшы жұмысқа орналасты. Қазіргі уақытта жұмыссыздармен осы бағытта 9 іс-шара өткізілді.

2019 жылға арналған міндеттер

- кадрларды дайындау бағыттары бойынша мемлекеттік тапсырысқа ауыл шаруашылығы, медициналық мамандықтарға, білім беру.

14. Ауылдың санитарлық тазалығы.

Ауылдың санитарлық тазалығын сақтау, көгалдандыру жұмысы басты назарда. Тұрмыстық қалдық төгетін орын белгіленді. Тазалық айлығы кезінде жұмысқа «Береке» Ш/Қ МТЗ-80 тракторы тіркемесі, кунымен, «Бегалы» Ш/Қ МТЗ-80 тракторы техникаларымен 1 млн. теңгенің көлемінде жұмыстар атқарды. 150 тонна күл-қоқыс тиісті жерге шығарылды. Полигон орыны «TredLine» фирмасымен өлшеу жұмыстары аяқталып, жаңа полигон белгіленді. Көгалдандыру саласы бойынша Қараой ауылдық амбулаториясы жанына 300 түп тал, Құбасай бастауыш мектебі 200 түп тал, «Көкжар» ККМ-нің ауыз су филиалы 70 түп тал, округ тұрғындары 200 түп тал отырғызылды.

15. **Салық төлемдері бойынша** жоспарлы көлік салықтары және жер, мүлік салықтар жоспары толық орындалды. Жоспарланған салық төлемдерінің барлығы толықтай орындалды. Жоспарланған салық түсімінің көлемі 1,370 мың теңге. Қазіргі уақытта түсірілген қаржы көлемі 1,436 мың теңге.

16. Қоғамдық тәртіп саласы.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша УПИ полиция қызметкерімен және бекітілген кестеге сәйкес мекеме басшыларымен «Түнгі көше» рейдтері жүргізіледі. Мал ұрлығына жол бермеу мақсатында профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

- 10 бағытта жазғы мал бағу нүктесі ұйымдастырылды. Мал басына, яғни 1 бас МІҚ 800 теңге, 1 бас қой-ешкі 200 теңге қаржысы көктемгі жиында белгіленді.
- Округ орталығында 4 бағытта МІҚ малын бағу, 9 бағытта қой бағу кезегі ұйымдастырылды. Оның ішінде 2 бағытта МІҚ, 2 бағытта бұзау бағылады. Жүйелі жұмыстардың жүргізілуінен соңғы 2 жылда мал ұрлығы фактісі тіркелген жоқ.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылық тіркелген жоқ. Мектепте 8 бейнебақылау құрылғысы қондырылды. Оның 2-і сырт жағына орналастырылған.

Алкогольдік ішімдіктерді сату бойынша жергілікті полиция басшысының қатысуымен ауыл кәсіпкерлері және қоғамдастық мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды. Округ бойынша алкогольді ішімдік сататын лицензиясы бар бір дүкен қызмет жасайды. Ауыл ақсақалдары және Аналар кеңесімен бірлесіп, ішімдік ішетін тұрғынмен кездесу ұйымдастырылып, түсінік жұмыстары жүргізілді.

17. «Туған жерге тағзым» акциясы бойынша

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» халыққа жолдауында «Туған жерге - туыңды тік» бөліміне сәйкес 2018 жылдың 21 қазан күні округ орталығында «Ауылым – алтын бесігім» тақырыбында жерлестер форумы өткізілді. Форум аясында «Қобыланды» ЖШС және жерлестердің қолдауымен құны 7,0 млн.теңге болатын «Шағын футбол алаңы», «STREET WORKOUT», Хоккей алаңы, «Рухани жаңғыру», «Астанаға 20 жыл» сттелалар, Жастар саябағындағы сахна жаңартылды, Құбасай бастауыш мектебіне 6 фонарь және қоршауы ауыстырылды, «Жолдығали» шаруа қожалығының (басшысы Р.Ескаиров) демеушілігімен құны 1,0 млн. теңгеге Құбасай елді мекеніне мал мола салынды. Округ орталығындағы Еңбеккерлер көшесіне 8 фонарь қондырылып, толық жарықтандырылды, «Анаға тағзым» іс-шарасы аясында «Сыйынар ем, Ана деген тәңірге...» ескерткіші салынды, Жастар саябағына 15 фонарь орналастырды, ауылдық клуб үйіне шахмат, шашка, компьютерлік ойындар, «Парыз» патриоттық тәрбие беру орталығы ашылды. Барлығы 21 млн. теңге көлемінде заттай құрал – жабдықтар ауылға тарту етілді. Орталық мешіт салу жұмыстары жүргізілуде.

18. Әлеуметтік қолдау саласы

Округ бойынша әлеуметтік қолдау саласы бойынша «Мектепке жол» акциясы, жалғыз басты азаматтарға, аз қамтылған отбасыларына, көп балалы отбасыларына, әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй айналасының тұрмыстық қалдықтарын жинауға ауыл жастарының «Асар» әлеуметтік көмегі, мектеп оқушыларының «Жігер» ер балалар ұйымының, жеке кәсіпкерлердің, шаруа қожалық басшыларының демеушіліктерімен қыстық мал азығы, отындарын түсіру жұмыстары жүргізілді. Осы сала бойынша 700,0 мың теңге көлемінде демеушілік, қайырымдылық жұмыстары жүргізілді.

19. Газбен жабдықтау

Елді мекендерді газдандыру халықтың тұрмыс – тіршілігін жақсарту үшін тиімді жағдай жасаудағы басты мәселердің бірі болып табылады.

20. Инвестиция тарту.

«Сайын-Қалам» АӨК (басшысы Манарбек Төребек) және «Батыр» ш/қ (басшысы Батыров Нуркен) ауыл шаруашылық техникаларын алып ауылдық округке 19,0 млн.теңге инвестиция тартылды.

21. Почта байланыс жүйесі

Округ бойынша «ҚазПочта» АҚ-нан қызмет алатындар саны 285. Округте 210 оқырман бар.

22. Жер ресурстарын пайдалану саласы

Қараой ауылдық округінің жалпы жер көлемі 120 739 га. Қараой ауылының әкімшілік аумақтағы жер көлемі 33 646 га. Шаруа қожалықтары бойынша 37 100 га. Егістік алқабы 3000 га.

23. Қараой ауылдық округі бойынша 2019 жылға арналған міндеттер:

- Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы Жолдауын, қаулы қарарларын орындау мақсатында арнайы іс-шаралар жасап бақылауға алу.
- «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына сәйкес округте ат спортын дамыту, тұрғындар мен мекемелерге алма ағаштарын отырғызуды ұйымдастыру.
- жастарды мәдени спорт шараларына барынша жұмылдыру, округте салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жұмыс жасау.
- ауылды санитарлық тазалық жұмыстарын одан әрі жақсарту елді мекендерді көгалдандыру және көшелерді жарықтандыру жұмыстарын одан әрі жалғастыру.
- ауыл тұрғындарының экономикалық әлеуметтік жағдайларын жақсарту, кедейшілікпен күресу мақсатында тұрғындарды баубақша егуге, мал өсіруге мүмкіндігінше ықпал жасау.
- тыл ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға, мүгедектерге, көп балалы аналарға көмек көрсетуді ұйымдастыру.

С.ЗАЙМОЛДИН,
Қараой ауылдық округінің әкімі.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ КӨМЕГІ КӨП

Саралжын ауылдық округінің жер көлемі 212000-ға құрайды. Халық саны 2068 адам, оның ішінде: 29 жасқа дейінгі жастар - 438 адам. Жалпы округте 357 аула, 404 отбасы, экономикалық тұрғыдан белсенді халық - 1233, зейнеткерлер саны-147, мүгедектер- 22, мектепке дейінгі балалар- 174, оқушылар- 365, студенттер- 97, жұмыссыздар саны – 30 адам.

Округ бойынша 2 орта мектеп, 2 негізгі мектеп, 1 балабақша, «Аула клубы», 1 дәрігерлік отбасылық амбулатория, 4 фельдшерлік пункт, 4 ауылдық клуб, 3 ауылдық кітапхана, ЖШС-5, ШҚ-48, 32 - жеке кәсіпкер, оның ішінде 4 - азық-түлік дүкені, 1-шаруашылық дүкені. Округ бойынша 357 аула, 404 отбасы бар.

Өткен есептік кездесулерде тұрғындар тарапынан айтылған ұсыныстары мен сұрақтарына байланысты округ әкімінің аппараты бірқатар жұмыстар атқарды. Шиқұдық елді мекені бойынша «Қойбағар» өткелінен аудан әкімінің тікелей ұйымдастыруымен демеушілер арқылы шағын көпір салынды. Ауыл тұрғындарының қолдауымен елді мекенге баратын көтермежолы жөнделді. Бестамақ елді мекенінде ауыл тұрғындарының ұсынысы негізінде мал өлекселерін салатын арнайы орын жасақталды. Кемер ауылы тұрғындарының өтініші бойынша ауылдық клуб ғимараты пайдалануға берілді. Сонымен қатар ауылдық амбулаторияға жаңа жедел жәрдем автокөлігі пайдалануға берілді.

Округтің әлеуметтік-экономикалық дамуы

Жыл ішінде округтің әлеуметтік экономикалық дамуының оң динамикасы сақталды. Инвестиция көлемі артты. 100,0 млн теңге құрылысқа салынды, 4,0 млн тенге ұңғыма құдық қазу үшін салынды, 16537,0 млн теңгеге ауылшаруашылық техникалары алынды.

Ауылдық округ негізінен ауылшаруашылығымен айналысады. Елді мекендердің даму мүмкіндіктеріне қарай шаруашылықтарды ірілендіру басты мақсат. Осы орайда «Тәжібай Агро» ЖШС өз қаржысы есебінен мал базын тұрғызып, қосымша «АК-Теп» ЖШС арқылы келісімшарт негізінде 100 бас «Ангус» МІҚ малын әкелді. Мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасы арқылы «Ақорын»ШҚ 33,600 млн теңге несие алып, нәтижесінде 964 бас МҰМ алды.

Округ бойынша көгалдандыру мен абаттандыру және санитарлық тазалығына «Жасыл белдеу» жобасын іске асыру бойынша 2 га жерге тал отырғызылды жалпы сомасы 200 мың теңге.

Салық базасын нығайтуға байланысты жұмыстар барысында жыл ішінде жаңадан 4 ШҚ ашылып, 5 жеке кәсіпкер тіркелді (такси қызметі, қызмет көрсету, сауда).

Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт саласы

Округ аумағында 4 мектеп, 1 балабақша, 1 мектеп жанындағы бюджеттік интернат, 1 дәрігерлік амбулатория, 4 фелдщерлік пункт, 4 ауылдық клуб, 3 ауылдық кітапхана жұмыс жасайды. Мектептердегі оқушы саны 365. Мектепке дейінгі мекемелерде 106 тәрбиеленуші. Бюджеттік интернатта 25 тәрбиеленуші. Биылғы жылы орта мектепті-24 түлек аяқтап, оның 20-сы ҰБТ-ға қатысты. Мектептерде аз қамтылған отбасы балалары ыстық тамақпен қамтылған

Амбулаторияда 1 аға дәрігер және 6 медбике тұрғындарды үнемі бақылап, дәрігерлік тексеруден өткізіп, ана мен бала жағдайын қадағалауда. Биылғы жылы ана мен бала өлімі болған жоқ. Жыл басынан бері 42 бала дүниеге келді. Басқа жұқпалы ауру түрлері тіркелген емес. Балалардың екпелері уақытылы жүргізіліп жатыр.

«Бастау» аула клубы мектеп оқушыларына 4 түрлі үйірме жұмыстарын ашып, жасөспірімдерді түрлі бағыт бойынша баулуда.

Елді мекендердегі мәдениет ғимараттарында жоспарлы іс-шаралар ұйымдастырылып, тұрғындардың, жастардың уақытын тиімді өткізу бағытында дөңгелек үстелдер, танымдық сағаттар, мәдени кештер өткізіледі. Барлығы 10 қызметкер жұмыс жасайды. Мәдени қызметкерлер күнтізбелік мерекелерді уақытында тұрғындармен бірлесе өткізіп, барлық іс–шараларды ұйымдастырып отырады. Жаңа жыл шыршасы, 8 наурыз, Наурыз мерекесі, 1-9 мамыр мерекелерімен қатар, келіндер сайысы, әжелер сайысы, сонымен қатар мәдениет үйі жанынан құрылған «Парасат» аналар клубы жұмыс жасайды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы»

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасын» орындау бойынша «Бизнес бастау» жобасымен 25 адам арнайы кәсіптік білім алды оның ішінде 2 азамат шағын несие алды. Тұрақты жұмысқа 32 адам орналастырылды. Сонымен қатар жыл басынан бері ақылы қоғамдық жұмысқа 36 адам қабылданып және жастар практикасымен 3 жас маман иесі тәжірибеден өтті. Әлеуметтік жұмыспен қамту бойынша жеке кәсіпкерлерге 7 жұмыссыз орналастырылды. «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 48 жас еңбекке тартылды.

Кәсіпкерлікті дамыту мақсатында Кемер ауылында 1 адам қайтарымсыз несие алды.

Округ бойынша мемлекеттік атаулы көмек алуға 40 отбасы өтініш беріп, 26 отбасының өтініші қанағаттандырылды. Атаулы әлеуметтік көмектің жалпы соммасы- 6008644 млн теңгені құрап, 26 отбасының 158 адамы қамтылды.

Мемлекет басшысының «Цифрлық Қазақстан» жобасы бойынша маусым айында 85 адам оқытылды. Оның ішінде 27 жұмыссыз азаматтар, 56 мекеме қызметкерлері, 2 мүмкіндігі шектеулі азаматтар цифрлық сауаттылығын арттырды.

«Туған жерге тағзым» акциясы, «Анаға тағзым», «Бақытты бала» жобасы аясында округ аумағында ауқымды жұмыстар атқарылды.

«Туған жерге тағзым» акциясы аясында 2018 жылы барлығы 4млн 280мың теңге көлемінде жұмыстар атқарылды.

«Бақытты бала» жобасы аясында 650 мың теңгеге «Мен бақытты баламын» атты балалар алаңы салынды.

«Аналарға тағзым» және «Рухани жаңғыру» акциялары аясында мектеп, балабақша және мәдениет үйінде іс-шаралар ұйымдастырылды. «Анаға тағзым» алаңы ашылып, «Батыр ана», «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлерінің тақтасы орнатылды.

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы, «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы және «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласын жүзеге асыру барысы

Мектептер мен балабақшаларда және ауылдық клубтар мен кітапханаларда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «100 нақты қадам, Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет», Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын насихаттау бойынша жиналыстар, кездесулер өткізілді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бойынша «Латын әліпбиі ертеңіміз үшін қажет» атты дөңгелек үстел өткізіліп, жиналғандар өз пікірлерін ортаға салып, пікірталастар өтті.

Мал шаруашылығы саласы бойынша

Округ бойынша МІҚ-3918, ҰММ-11169, Жылқы-778 бас есепке алынды. Қысқы мал азығымен толық қамтамассыз етілді. 5 ШҚ-мен мал азығы қорын сақтауда келісімшарт жасақталды. Округте ветеринариялық жұмыстар жүргізу үшін төмендегідей іс-шаралар атқарылды.

Сібір жарасына қарсы ҰММ-ға 19358 бас, МІҚ малынан 4421 бас, жылқы малынан-500бас егілді, надулярды дерматитке қарсы - 4000 бас МІҚ, қарасанға қарсы МІҚ-3486 бас егілді. Округте мемлекеттік тапсырыс бойынша серологиялық әдіспен МІҚ -4367 бас, ҰММ- 20118 бас, ИФА әдісімен -1049 бас төлдер тексерілді. Тексеріс нәтижесінде МІҚ- 94 бас, ҰММ-12 бас, ИФА әдісімен-38 бас оң нәтиже көрсетті. Кемер ауылы тұрғындарының МІҚ малдарына қойылған шектеу нәтижесі бойынша 14 рет тексеріліп, 82 бас оң нәтиже көрсетті. Барлық оң нәтиже көрсеткен малдар мал сою пунктінде жойылды. Саралжын ауылдық ветеринарлық бекетінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша 269 адамға ветеринарлық анықтама беру қызметі көрсетіліп, 5490 басқа бірдейлендіру жұмыстары жүргізілді.

Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап 4-ші деңгейлі бюджетке енгізілуіне байланысты салықтық және салықтық емес түсімдер жоспары 1773000 теңге болып бекітіліп, 134 пайызға орындалып, 2370333 теңгені құрады.

Қоғамдық қауіпсіздік және құқық тәртібі.

2018 жылы 5 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. 2017 жылмен салыстырғанда 36 пайызға азайып отыр. Бұл негізінен ұсақ қылмыстар бойынша. Жалпы айтқанда 3 мал ұрлығы тіркеліп, үшеуі де ашылған. 1 қалта телефон ұрлығы тіркеліп ашылған және 1 заңсыз ағаш кесу тіркелген. Тазалық бойынша 28 тұрғынға әкімшілік хаттама толтырылды. Пробация қызметі бойынша 3 адам 100 сағаттық ақысыз қоғамдық жұмысқа тартылды.

Саралжын ауылдық округінде аудан әкімдігінің қаулысына сәйкес екі айлық көктемгі және күзгі тазалық жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 840 тонна тұрмыстық қалдықтар арнайы орынға шығарылды. 304 шақырым жол жиегінде тазалық жұмыстар жүргізілді.

Жыл ішінде ауылдық округ әкімдігі тұрғындарға «жеке қосалқы шаруашылықтың бар екендігі туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет бойынша 780, «өтініш берушінің» (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» қызметі-8 мемлекеттік қызмет электронды түрде көрсетілді.

2019 жылы алға қойылған міндеттер:

1. Округте шағын және орта кәсіпкерлікті дамыта отырып, халыққа қызмет көрсету орындарын ашу.

2. Ауылшаруашылығы саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын жүзеге асыру.

3. Суармалы егістік жұмыстарын (алма бағын, картоп, бау-бақша) егуді ұйымдастыру.

Абат МҰБАРАКОВ,
Саралжын ауылдық округінің әкімі.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨСІМ АЛДАҒЫ КҮНГЕ ҮМІТТІҢ КУӘСІ

АЗАТТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН 27 ЖЫЛ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТОЛАҒАЙ ТАБЫСТАРЫН БҮГІНГІ ТАҢДА ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ ТАНЫП – БІЛІП ОТЫР ДЕСЕК, АРТЫҚ АЙТҚАНДЫҚ БОЛМАС.

Елбасы – Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан

халқына Жолдауында Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық, конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Қазақстанның халықаралық беделінің артуына және оның аймақтағы геосаяси рөлінің күшеюіне қол жеткіздік - деп атап өткен болатын.

Ел экономикасының өркендеуі мен қоғамымыздағы бірлік пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету бағытында, сондай-ақ тұрғындардың әлеуетін арттыру мақсатында жүзеге асырылып жатқан іс шаралар аз емес.

2017 жылдың қортындысы бойынша 2018 жылдың қаңтар айының 17, 26 жұлдызы күндері Көсембай және Ақжар елді мекендерінің тұрғындарымен кездесу жиындары өтті. Ол жиындарға тұрғындардың қатысуы, олардың ұсыныстары мен өзекті мәселелерді айтуы жақсы дәрежеде болды. Жиындарға аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық және аумақтық бөлімдер мен ұйымдардың басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарынан жауапты азаматтар қатысты. Жиындарға 224 адам қатынасып 7 адам шығып сөйледі. Есептік кездесуде тұрғындар тарапынан түскен ұсыныстар бойынша бірқатар шаралар жоспарланып орындалу деңгейі төмендегідей дәрежеде болды:

а) Ақжар-Саралжын бағытындағы көтерме жолға бір рет қыру жұмыстары жүргізілді.

ә) Ақжар және Көсембай ауылдарына интернет жүйесін әкелу жұмыстары 2019 жылдың сәуір айында басталады. Қаражаты ауып тұр.

б) «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінген қаражатқа Ақжар ауылдық клуб үйінің ішін жаңалау мақсатында 1284000 теңге қаражат бөлініп, жұмыстар жүргізілді.

в) Шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында ауылдық округте жаңадан 3 кәсіпкер өз жұмыстарын бастады, т.б. талап тілектердің орындалуына, шешілуіне қызмет жасаймыз.

Елбасы тарапынан алдымызға қойған жаңа міндеттер мен талаптарды орындау негізінде және ауыл тұрғындарының кездесулер кезіндегі ұсыныстары мен сын ескертпелерін қанағаттандыру мақсатында 2018 жылы Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты бірқатар жұмыстар жүргізді.

Қайыңды ауылдық округіндегі Ақжар, Көсембай ауылдарында жалпы халық саны 2018 жылы 1016 адам, 2017 жылмен салыстырғанда халық саны 41 адамға өскен. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда сәбилердің дүниеге келуі қуантарлық жағдай. 2017 жылы 26 сәби дүниеге келсе, биыл 35 сәби дүниеге келді. Округте барлығы 199 үй бар, онда 232 отбасы тұрады. Ауыл төңірегінен 37711 гектар жер әкімшілікке бекітіліп берілген. Бұл округ тұрғындарына мал басын өсіруіне, қыстық мал азығын дайындауға, бау-бақша егуге толық мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда округте барлығы 1 ЖШС, 3 АӨК, 36 шаруа қожалығы және 20 жеке кәсіпкерлік субъектілері бар. Биылғы жылы 1 шаруа қожалығы, 3 жеке кәспкерлік субъектілері өз жұмыстарын бастады.

Ауылдық окург бойынша қысқа түскен МІҚ – 4690 бас, қой-ешкі – 16254 бас, жылқы – 299 бас, құстың барлық түрі – 5500. Округте 4 мал дәрігері қызмет жасайды. Олар жоспарға сай мал ауруларына қарсы екпе жұмыстарын жүргізіп отырады. Мал дәрігерлерінің нәтижелі жұмыстарының арқасында ауданның басқа округтеріне қарағанда біздің округте жұқпалы бруцеллез ауруы аз мөлшерде. Ағымдағы жылы 4715 бас мүйізді ірі қара малынан қан алынып 5 бас оң нәтиже көрсетті. Малдар уақытылы жойылып, тұрғындардың мал қораларына дәрігерлік шаралар жүргізілді. 13500 қой-ешкіден қан алынып, барлығы да таза шықты. Малдарды электронды базаға енгізу жұмыстары уақытылы жүргізіледі. 2018 жылы ауылдық округ бойынша 26000 тонна ірі сабақты мал азығы дайындалып, уақытында тасып алынды. Шөп шабу науқанына барлығы 25 трактор, 7- рулон пресс, 8 шөп тиегіш, 25 тіркеме, 3-автомашина 46-орақ, 30-тырма қатысты. Шаруа қожалықтарының артық шөптерін көршілес Саралжын ауылдық округі тасып алды.

Ауылшаруашылық саласында:

2 шаруа қожалығы (Түнық Таз-1, Бекей-1) мүйізді ірі қара малдарының тұқымын асылдандыру мақсатында 2 асыл тұқымды «Ақ бас» бұқасын «Ак теп» ЖШС-нен жалға алды. Мал бордақылау алаңдарына шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарынан 250 бас бұқашық тапсырылды. Мемлекеттен берілетін көмектің арқасында өткен 4 жылда округтегі шаруа қожалықтары 7 жаңа трактормен 6 рулон шөп байлағышын алды.

Ауылдық округте облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың тапсырмасы негізінде қосымша ауылшаруашылығы малдарын өсірумен қатар кәсіпкерліктің басқа түрімен айналысуға тапсырма беріліп, «Дастан-1» шаруа қожалығы жылқы сауып, бие сүтін дайындайтын шағын цех ашуды жоспарлап отыр. Ағымдағы жылы «Эленора» шаруа қожалығы 3 гектар жерге картоп, көкөніс егіп, ауыл тұрғындарын арзан бағамен картоп өнімімен қамтемеледі. «Шағатай», «Ақпағамбет» шаруа қожалықтары 2 гектар жерге картоп егіп өнімдерін жинап алды. 2018 жылы ауылдық округ бойынша жаңадан 1 шаруа қожалығы құрылса, 3 адам жеке кәсібін ашты. (Хамзин Темiржан - сауда, Нұртайұлы Қалдыбай – мал шаруашылығы, Еңсегенов Ерұлан – мал шаруашылығы). «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бойынша «Дастан-1» шаруа қожалығы 6000000 теңге несие алып, 1500000 теңгеге шөп баулағыш сатып алды. «Есмұхан» шаруа қожалығы 1500000 теңгеге 17 метр тереңдікте құдық қаздыртты, 3100000 теңгеге күннен қуат алатын батерейка және 2000000 теңгеге тіркеме вагон сатып алды.

Кәсіпкерлікті дамыту саласында:

Ағымдағы жылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы аясында округтің 1 тұрғыны 3400000 теңге жеңілдетілген несие алып, мал шаруашылығымен айналысуда. Ақжар ауылы орталығынан жеке кәсіпкер А.Қошқаров жылыжай құрылысын аяқтауға жақын. Ауыл тұрғыны Дәурен Өтегенов дүкен үйін алып шағын тойхана ашуға ниет білдіруде.

Көсембай ауылының тұрғыны М.Отарбаев «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы бойынша шаштараз ашуға несие алу үшін құжаттарын тапсырды. Ағымдағы жылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасының бірінші бағыты:«Бағдарламаға қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамсыз ету» бойынша 2 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолданды. Бағдарламаны екінші бағыты: «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бойынша «Бастау Бизнес» жобасы арқылы 2 адам оқып, мал сатып алу үшін шағын несие алуға құжаттарын тапсырып қойды.

«Шағатай» шаруа қожалығы 1000 дана қаздың балапанын әкеліп өсіріп, әр қайсысын 6000 теңгеден сатты. Азамат Алманов Райымбек «Жас прожект» жобасына қатынасып қайтарымсыз несие алып, бөдене бағумен айналысып келеді. Ауыл тұрғындары биылғы жылы қоян, қаз, үйректің балапандарын алып бағуды кәсіп етуде. 2018 жылы 3 жас өз кәсібін ашты. (сауда, мал өсіру)

Жұмыспен қамту және әлеметтік бағдарлмалар саласы бойынша:

2018 жылы «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бойынша округ бойынша төрт жас жастар тәжірибесінен өтті. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде жасыл ел қоғамдық жұмысына жастарды жұмысқа тарту мақсатында 30 жұмыссыз жас пен студенттер жұмыс жасады. Ағымдағы жылы аз қамтылған, көп балалы отбасының 22 мүшесі қоғамдық жұмысқа тартылды. Жастарды ауылға тұрақтандыру мақсатында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 1жас 1564000 теңге, ал 2 жас маман 336700 теңге көтерме ақы алды. Округ бойынша 15 отбасына (56 бала) 2723799 теңге атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Білім саласында:

2017 жылғы 12 сәуірдегі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Үш тілде білім беру» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы деп айтқан болатын. Осы орайда Сағa, Көсембай мектептерінен 4 мұғалім ағылшын пәнін оқытудан дәріс алып қайтты. Округте 1 орта, 1 негізгі мектеп бар. Оқушылар саны 177, даярлықта 15 бала, оларға 58 мұғалім дәріс береді. Округте 1 бала бақша мен Көсембай негізгі мектебі жанындағы шағын орталық жұмыс жасайды. 2017-2018 оқу жылында Сағa мектеп-бала бақшасын 11 оқушы бітіріп, 11 оқушы ҰБТ-ға барып, орташа балл 79.0 пайызды құрады. 2 оқушы «Алтын белгі» алды. Осы түлектердің 7 грантқа түсті. 5 түлек жоғары оқу орындарына грантқа түсті. Көсембай негізгі мектебін 7 оқушы бітірсе оның 1-уі үздік. Сағa мектеп – бала бақшасының алғашқы әскери дайындық мұғалмі Б.Шуақов - Ауғанстан ардагерлер ұйымының «Қазақстан ардагерлер» қауымдастығының төрағасы Халық Қаһарманы генерал-лейтенанты Б.Ертаевтың атынан Б.Момышұлының «Батыр шапағаты» медалімен марапатталды. Сағa мектеп – бала бақшасы жыл сайын «Алтын белгі» алып келеді. Бұл да болса ұстаздар қауымының өлшеусіз еңбектері деп есептеймін.

Денсаулық саласы бойынша:

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады. Ең алдымен, әсіресе ауылдық жерлерде алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет – деп атап өткен болатын.

Округте 1 дәрігерлік амбулатория, 1 фельдшерлік пункт және 1 жедел жәрдем автокөлігі бар. 6 маман жұмыс жасайды. Биылғы жылы округ бойынша 35 сәби дүниеге келді. Былтырғы жылмен салыстырғанда 9 сәбиге артық. 6 адам қайтыс болды. Былтырғы жылы 4 адам қайтыс болған. 0-7 жас аралығында 174 бала тіркелген. Жүкті аналар уақытынан бұрын ауруханаға жберіліп отырады. Үйінде босану фактілері орын алған жоқ. Биылғы жылы флюроға 525 тұрғын түсуге тиісті болса, оның 516 түскен. Округте сарып, туберкулезбен ауырғандар тіркелмеген. Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге дәрілер алынып қойылады.

Мәдениет саласы бойынша:

Елбасымыз өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салтдәстүрлерін алдағы өркендеулің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» деп айтқан болатын. Округте 2 ауылдық клуб, 2 ауылдық кітапхана жұмыс жасайды. 17453 кітап қоры, оның ішінде 9555 ана тіліміздегі кітаптар. Кітапханалар жыл сайын жаңа кітаптармен толықтырылып отырады. Ауылдық әкімшіліктің басшылығымен кітапхана, клуб қызметкерлері мектептермен бірлесіп, жыл бойғы мерекелерді ұйымшылдықпен өткізіп отырады. Бұл мерекелерден ауылдың қарттары мен көп балалы аналар және мүмкіндігі шектеулі жандар тыс қалмайды. Биылғы жылы ауданда өткізілген «Замандас» әжелер клубының 5 жылдық мерейтойын өткізу барысында ауылдық округ те өз үлесін қосты. Облыс, аудан аумағында өткізілген ауылшаруашылық жәрмеңкелеріне ауыл тұрғындары мен шаруашылық субъектілері өз үлестерін қосуда. Ауыл спортшыларының жыл сайынғы өткізілетін аудандық спартакиадасында ауыл жастары 4 жыл қатарынан жеңімпаз атанды. Биылғы жылы 3 орын алды.

Көркейту, көгалдандыру бойынша:

Облыс әкімиінің жыл сайынғы «Облыстық елді мекендерде көктемгі-күзгі санитарплық тазарту, көркейту, көгалдандыру айлығын өткізу туралы» қаулысын орындау мақсатында, ауылдық округтің елді мекенінде көктем-күз айларында санитарлық тазалық сенбіліктері өткізілді. Тазалық айлығына 10 мекеме, 821 адам, 7 техника қатынасты. Тазалық айлығы кезінде 1019 тонна күл қоқыс сыртқа шығарылды. 9 - мамыр қарсаңында Ақжар ауылындағы Ұлы Отан соғысы кезінде қаза болғандар ескерткішіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мекемелердің айналасы тазартылып, тал түптері ақталып, қоршаулары сырланды. Округтегі «Жастар саябағы» тазартылып, ішіндегі отырғыштар мен үстелдері жаңартылып, сырланып саябақ сахнасына баннерлер қойылды. Округ аумағында 21792 шаршы метр алаң қоқыстардан тазартылды. Бұрынғы егілген талдар уақытылы әктеліп, қоршаулар қайта сырланды. Сенбілік кезінде 91 түп ағаш түрлері отырғызылды. Ақжар, Көсембай елді мекендеріндегі шамдар жаңартылды. Биылғы жылы Ақжар ауылына «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша су құбырлары жүргізілуде. Көсембай ауылына «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша су құбырларын жүргізу үшін жобалау сметалық құжаттары жасақталды. Саралжын- Ақжар бағытындағы көтерме жолдың шеттері арнай техника арқылы қырылып, шөптен тазартылды.

Ауылдық округтегі салық төлемдері бойынша мүлік және жер салықтарынан – 34972 теңге, жеке кәсіпкерлерден түскен табыс салығы 1 желтоқсанға 76702 теңге, көлік салығы жоспар бойынша 952618 тенгенің 1 желтоқсанға дейін 633528 теңгесі немесе 66,5 пайызы жиналды. Алайда көлік салығының жоспарын орындаудың шаралары алынуда. Алдағы уақытында салық төлеуден бас тартып жүргендерге заңды шарасын алу үшін жұмыстар жасайтын боламыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 18.09.2013 жылғы № 983 қаулысына сәйкес, ауылдық округте қазіргі таңда 18 мемлекеттік қызмет көрсетіледі. 2018 жылы ауылдық округ бойынша 697 мемлекеттік қызмет көрсетілді оның барлығы да электрондық түрде көрсетілді. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын жақсарту мақсатында округте іс-шаралар жоспары құрылып, қажетті ақпараттар орналастырылған ақпараттық стенд орнатылды. Округте ауыл тұрғындарының мемлекеттік қызметтер алуына жағдай жасалынып, мемлекеттік қызмет алушылардан ешқандай арыз шағымдар түскен жоқ. Барлық қызмет мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша жүргізілді. Ауылдық округтегі мал дәрігерлік бекет тұрғындарға стандарт бойынша 2 қызмет көрсетеді. Ветеринариялық анықтама беру бойынша 300 тұрғынға қызмет көрсетілді, Ауыл шаруашылық жануарларына ветеринариялық паспорт бере отырып, бірдейлендіруді жүргізу бойынша 4550 қызмет көрсетілді.

2018 жылы заңды және жеке тұлғалардан барлығы 21 арыз түсіп, 14 қанағаттандырылып, 7 түсіндірілді. Ауыл әкімінің жеке қабылдауы бойынша 23 өтініш тіркеліп тиісті орындарға жіберіліп, қабылдауда болған азаматтарға жауаптары берілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес шеңберінде Қайыңды ауылдық округінде мекеме басшылары арасында түсінік жұмыстары жүргізіліп, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөнінде жоспар жасалынды. Қайыңды ауылдық округінің орталығы Ақжар ауылы Мектеп көшесі № 6 мекенжайда діни экстремизм мен терроризмге қарсы сипаттағы баннер орналастырылған. Өткен жылдың 12 қаңтары күні ауылдық әкімшілікте «Діни экстремизм бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Сағa мектеп-бала бақшасында 16 ақпан күні 9-10-11 сынып оқушыларымен «Шет елдегі діни оқу орындарындағы оқытудың жағымсыз салдары» тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ауылдық клубта 30 наурыз күні ата-аналар, ауыл жастары, жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Дін және смартфон» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел «Қара жол» атты бейнекөрініспен қорытындыланды. Мектепте «Деструктивті діни ағымдардан сақ бол!» стенд жасақталып ілінді. 20 сәуірде жоғары сынып оқушыларымен «Жат ағымнан аулақ бол!» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді. 18 мамырда ауылдық кітапханада оқырмандармен «Діни экстремизм зардаптары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. «Шағатай Хазрет» мешітінде ауыл тұрғындары мен жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Имандылық иірімдері» атты әңгіме сағаты өткізілді.

Учаскелік инспектормен бірлесе отырып, ауылға қоныс аударып келген бұрынғы осы ауылдың азаматтары А.Сауханов пен Н.Мусағалиевтермен аудандық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен Алматы. Ақтөбе қалаларынан келген теологтармен және имамдармен бірлесіп кездесулер өткізіліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. А.Сауханов отбасымен шілде айының басында Ақтөбе қаласына көшіп кетті. Алдағы уақытта бұл азаматтар үнемі бақылауда болады.

Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жыл бойына 62 әкімшілік хаттама толтырылды. Оның ішінде 28 хаттама тазалық бойынша халыққа ескерту жұмыстары, 9 хаттама белгіленбеген жерде темекі шегу. 2018 жылы сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жоқ.

Есепті уақыт ішінде атқарылған және атқарылуына белгілі себептер соның ішінде қаржы мәселесі қиындық келтіріп отырған жұмыстардан жіберілген кемшіліктерді саралай келе әкімшілікке айтылған талап, тілектерді ескере отырып, алдағы уақытта төмендегідей мәселелерді шешуге ұйтқы болу, қызмет ету жоспарланып отыр:

- Ақжар-Саралжын бағытындағы көтерме жолды жөнге келтіруге ықпал жасау;
- «Ақбұлақ» бағдарламасымен Көсембай елді мекеніне су жүйесін жүргізу жұмыстарының алдағы жылдарда орындалуына көңіл бөлу;
- «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінген қаражатқа орталық көшелерге шамдар орнату;
- Округ орталығы мен ауылдарда халыққа қызмет көрсететін орындар ашу.
- Шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында ауылдық округте жаңа кәсіпкерлерді анықтау және оларға қолдау көрсету.
- Ауыл шаруашылығы саласы бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтеріне ет өнімдерін өңдейтін цех ашуға және сүт фермасын ашып, сүт өнімдерін дайындайтын цех ашуға ықпал жасау.
- Ауыл тұрғындары әсіресе ауыл жастары арасынан әртүрлі кәсіпкерлікпен айналысу, шағын мал бордақылау алаңдарын және сүт сауатын шағын фермалар құруға несие алуына көмек көрсету және ұйымдастыру.

Округтегі әлеуметтік – экономикалық бағдарламаларды шешуге аудан әкімшілігі ұдайы көңіл бөліп отырады. Біз өз жұмысымызды аудан әкімдігі мен оның бөлімдерімен тығыз байланыста жасайтын боламыз. Округ тұрғындары жылды жақсы, табысты аяқтауға бір кісідей ат салысады деп сенемін.

Т.ҚОЖАХМЕТОВ,
Қайыңды ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы.

«ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМНЫҢ» СЕПТІГІ ТИГЕН ШАРУА КӨП

Мемлекет басшысының «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығына сәйкес Сіздерге жыл ішінде жүргізген жұмысым жөнінде төмендегідей есебімді ұсынамын:

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жарияланған Нұрсұлтан Назарбаевтың "ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ " атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Сапалы, әрі тарихи маңызы зор құрылымдық, конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Қазақстанның халықаралық беделінің артуына және оның аймақтағы геосаяси рөлінің күшеюіне қол жеткіздік. Біз өңірлік және жаһандық проблемаларды шешу ісіне зор жауапкершілікпен қарайтын жауапты әрі қалаулы халықаралық серіктес ретінде танылдық. Қазақстан ТМД және Орталық Азия елдері арасынан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу үшін әлемдік қоғамдастық таңдап алған бірінші мемлекет болды. Біз Еуразия өңірінің қаржылық, іскерлік, инновациялық және мәдени орталығы ретінде қалыптасуын қамтамасыз етіп, жаңа елордамыз – Астананы салдық. Халық саны 18 миллионнан асып, өмір сүру ұзақтығы 72,5 жасқа жетті. Біз берік экономикалық негіз қалыптастырдық. Соңғы 20 жыл ішінде елімізге 300 миллиард АҚШ доллары көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды. Экономиканы өркендетудің негізі саналатын шағын және орта бизнес нығайып келеді. Дүниежүзілік Банктің бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде Қазақстан 190 елдің ішінде 36-шы орынға көтерілді. Біз әрдайым сыртқы сын-қатерлерге дер кезінде назар аударып, оларға дайын бола білдік. Соған байланысты, мен елімізді жаңғырту жөнінде қажетті бағдарламалық бастамалар жасадым. Олардың жүзеге асырылуы табысты дамуымыздың негізгі факторына айналды. Біздің стратегиялық мақсатымыз – 2050 жылға қарай әлемдегі озық дамыған 30 елдің қатарына қосылу. 2014 жылы еліміздің инфрақұрылымын жаңартатын «Нұрлы жол» кешенді бағдарламасын іске асыруды бастадық. Үш жыл бұрын «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарын жарияладық.Содан кейін еліміздің Үшінші жаңғыруына кірістік. Оның басты міндеті – Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру. Еліміздің орнықты дамуы өмір сүру деңгейін одан әрі арттыруға деген зор сенім ұялатады. Біз жаңа міндеттерді атқаруға дайынбыз.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына қаншама жобалар арқылы жасалып жатқан жұмыстар және алда атқаратын жұмыстарды атап өтті. «Мысалы, 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Енді «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз. Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз. 2018-2019 оқу жылының өзінде студенттерді осы оқулықтармен оқыта бастауға тиіспіз. «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді. Біз XXI ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз. Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек. Ұлт мақтанышы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырған жөн» деп алда атқаратын істерді тізбектеп берді.

Аудан әкімінің қатысуымен ауыл тұрғындарымен өткен кездесулерде берілген тапсырмалар бойынша төмендегідей жұмыстар атқарылды:

1. Көптоғай-Қарасу бағыттындағы көпірдің құрылысы

2. 2018 жыл бойынша «Туған жерге тағзым» акциясы аясында атқарылған жұмыстар төмендегідей:

Көптоғай ауылы бойынша

- 1961 жылғы ауыл азаматтары Құрман орта мектебіне тігін машинасын сыйға тартты. 100 мың теңге.

- 1975 жылғы ауыл азаматтары ауыл көшелеіне баннер орнатылатын кермелер орнатты.300 мың теңге.

- 1981 жылғы ауыл азаматтары «Туған өлкем Көптоғай» атауы жазылған тақпа орнатылды. 571 мың теңге.

- 1982 жылғы ауыл азаматтары Құрман орта мектебіне музыкалық аппаратура сыйға тартты. 450 мың теңге.

- 1983 жылғы ауыл азаматтары Көптоғай саябағына электорнды жүгіртпе жолақша орнатты. 100 мың теңге

- 1993 жылғы ауыл азаматтары «Қош келдіңіздер» Ойыл-Көптоғай көтерме жолының кіре берісіндегі стелла жаңғыртылды. 700 мың теңге.

Аманкелді ауылы бойынша:

-1961 жылғы ауыл тұрғындары Аманкелді орта мектебіне принтер сыйға тартты. 50 мың теңге.

-1990 жылғы ауыл азаматтары Аманкелді орта мектебіне батут пен балаларға арналған сырғақ ойыншығын сыйға тартты. 60 мың теңге

Шұбарши ауылы бойынша

Ауыл тұрғындары Жақсыбайкөл негізгі мектебі жанынан балаларға арналған ойын алаңын жасақтап берді.500 мың теңге

Қарасу ауылы бойынша

А.Нұрғалиев, Б.Нұрғалиев, Ә.Әжіғалиев, Б.Дүйсеғалиев, Т.Күмісқалиев, А.Асылбаев, Е.Еснизовтың демеушілігімен Қарасу негізгі мектебі 60 метр көлемінде қоршалды. 300 мың теңге.

Тірек ауылдар қатарына Көптоғай ауылы кіруіне байланысты 2014-2018 жылға кешенді даму жоспары 2016 жылы әзірленіп, төмендегі жұмыстар жоспарланды:

«Өңірді дамыту» бағдарламасымен Амангелді ауылдық клубына жөндеу жұмыстарын жүргізу;

Амангелді ауылына ауыз су жүргізу;

Жақсыбайкөл негізгі мектебінің құрылысы;

Құрман дәрігерлік амбулаториясына санитарлық жедел жәрдем көлігін алу;

Амангелді ауылына 183 млн. теңгеге су құбыры тартылып, құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып қолданысқа берілді.

Ал 2018 жылы «Өңірді дамыту» бойынша 1 млн 300 мың теңеге Қарасудың клубына жөндеу жүргізілді.

Округте туылған балалар саны - 35, қайтыс болған адам саны- 16. 2018 жылы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын 10 отбасы бар. 66 адам ақылы қоғамдық жұмыста болды, 2 жас маман жастар тәжірибесінен өтті , 48 ауыл жастары мен студенттері «Жасыл елде» жұмыста болды.

Округ бойынша 2 ЖШС, 56 шаруа қожалығы, 2 ауыл шаруашылық кооперативі бар. Биыл ешқандай шаруа қожалық жабылған жоқ, 2 шаруа қожалығы ашылды («Нәби» ш/қ мен «Азиз ш/қ»), 3 жеке кәсіпкер ашылды. Н.Нығметов, Ә.Сүндетов, Г.Нығметова. Округте кәсіпкерлігін уақытша тоқтатып тұрған 1 жеке кәсіпкер бар (Танатарова Ардақ). 1 кәсіпкерлік обьектісі ашылды. «Атаберген » азық-түлік дүкені. Округте 1 дүкенде әлеуметтік бұрыш жасақталды.

Округте ауыл шаруашылық саласы бойынша атқарылған жұмыстар:

Мал басын өсіру мақсатында «Ойыл несие» ЖШС арқылы «Мирас» шаруа қожалығы 1 млн 800 мың теңге, мал тұқымын асылдандыру бойынша «Ескендір» шаруа қожалығы 39 млн. теңге несие алды.

«Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасы» бойынша 13-адам оқуға жіберіліп, оның 5-і несие алуға құжаттарын жасақтауда.

Сарып ауруын тексеру барысында 8304 МІҚ малынан қан алынып, оның 23-сі, 31125 қой- ешкіден қан алынып, оның 42-сінен сарып ауры бар екені анықталды. Құтырыққа қарсы 500 бас МІҚ, 400 бас қой-ешкі, 14 бас жылқы, 315 ит, 50 мысық егілді. Сібір жарасына 6174 бас МІҚ, 29368 қой- ешкі, 1000 бас жылқы, 31 бас түйе егілсе, қарасанға қарсы 3486 бас МІҚ егілді.

2018 жылға сарып ауруына шыққан 23 бас-МІҚ сойылып жойылды, сарып ауруына шыққан 42 бас қой-ешкі Орал, Ақтөбе қаласындағы арнайы мал сою алаңына тапсырылды.

Округ аумағының мүйізді ірі қара малдары арасынан нодулярлы дерматит ауруына қарсы 5500 МІҚ малы ауруға қарсы егілді. Пастереллезге қарсы 2400 бас қой-ешкі, 3000 бас МІҚ малы егілсе, туберкулезге қарсы 7094 бас МІҚ малы егілді. Маңқаға қарсы 400 бас жылқы.

Биыл округте «Идеят» шаруа қожалығы трактор алса, «Жазықбай» шаруа қожалығы күнен қуат алатын құрылғы алды. «Досым» шаруа қожалығы тіркеме алды.

Бірдейлендіру, деректер базасына мәлімет енгізу, шаралары бойынша жыл басынан бүгінге дейін 1498 бас-МІҚ; 10900 бас қой-ешкі; 320 бас жылқы, 2 түйе малы бірдейлендіріліп компьютерлік базаға енгізілді.

320 бас жылқы таңбаланды.45 қаңғыбас ит жойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 қаулысына өзгеріс енгізу туралы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 45 қосымша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілді. Осы тізіліммен бүгінгі таңда Көптоғай ауылдық округ аумағында көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны- 544.

- «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. Округ тарапынан ауылдарды аралау кезінде және үнемі ауыл тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді. Ойыл ауданы бойынша ҚР 2015-2025 жылдарына арналған сыбайлдас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мақсатындағы көлеңкелі эномомикаға қарсы іс-қимыл туралы 2018-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес Көптоғай ауылдық округі «Адал жол-Честный путь» марафон-эстофетасын қолдайды атты марафон эстофетасы өткізілді. Ауылда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дәріптейтін баннерлер орнатылды.

«Ветеринарлық анықтама беру» бойынша Ойыл аудандық ветстанциясының Көптоғай ауылдық округіндегі ветеринарлық бекет арқылы жыл бойына 583 қызмет көрсетілген. Жалпы 2018 жылы кіріс құжаттар саны- 934, шығыс құжаттар саны-546, жыл ішінде ауыл әкіміне барлығы 17 өтініш келіп түсті. Ауыл әкімінің жеке қабылдауында-4 өтініш қабылданып, түсіндірілді, жеке тұлғалардың-11өтініш қаралып, қанағаттандырылды. Ал заңды тұлғалардан 2 өтініш түсіп қанағаттандырылды. 2018 жылы қабылданған құқықтық нормативтік актілер жалпы саны 159 өкім, оның 121 ненізгі құрам бойынша , ал 38 жеке құрам бойынша.Көптоғай ауылдық округі әкімінің шешім саны -19.

Учаскелік полиция 2018 жыл бойына әртүрлі құқық бұзушылықтар үшін 125 хаттама толтырылды. Соның ішінде белгіленбеген жерге күл-қоқыс төгіп көріктендіру ережесін бұзғаны үшін 1 айыппұл төлеу туралы, 48 ескерту беру туралы хаттама толтырылды.

- Аса ауыр қылмыс болған жоқ, жеңіл қылмыстар саны-4. Оның ішінде бұзақылық-2, бөтеннің мүлкін ұрлау- 2.

Қазіргі таңда құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында 7 сақшы бар. Профилактикалық есепте тұрған 4 азамат, шартты түрде мерзімінен босатылған 1 азамат үнемі бақылауда.

Жергілікті салықтар бойынша орындалуы:

көлік салығы жоспар-1800 мың теңге, жер салығы- 70 мың теңге, мүлік салығы -40 мың теңге.Жоспар 100 пайызға орындалды.

32 мың тонна мал азығы дайындалып, 370 үйге 1130 көлік шөп түсірілді. 53 шаруа қожалығы мен 1 ЖШС, 2 ауыл шаруашылық кооперативі қажетті шөпті түсіріп алды. «Көптоғай» ЖШС 1500 тн, «Идеят» шқ 1200 тн, «Жапақ» шқ 1000 тонна артық мал азығын дайындады. 6 отбасына тегін мал азығы және отын берілді.

Көптоғай округінде Саламатты Қазақстан жылжымалы флюрография келіп Аманкелді, Шұбарши, Көптоғай, Қарасу ауылдарында болып 969 адамды флюрографияға түсіп, жоспар 100 пайызға орындалды. 2019 жылға 945 адамды флюрографиялық тексерістен өткізу жоспарланып отыр. Округте есепте тұрған азаматтарға 834850,43 теңгеге тегін дәрі- дәрмектер берілді.

Қазіргі таңда ауылдық округтерге кіріс көздерін қалыптастыратын жаңа функциялар берілді.

1. Ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті мүліктік жалға беруден түсетін кірістер;

2. Жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3. Сыртқы жарнамалар;

4. Әкімшілік айыппұлдардан;

Биыл мүлікті жалға беруден және ерікті жарнадан барлығы 2 млн 417430 теңге түсті, оны елді мекендердегі қатты қалдықтарды түйдіру, күл-қоқыстарды шығару қызметі, тал егу, Көптоғай ауылы саябағына жарықтандыру жүргізу, көшелерді жарықтандыруға пайдаланылған электр энергиясына төлем аудару, көше жарықтандыру жабдықтарына тех.қызмет көрсету қызметі үшін, көше шамдарын сатып алу,баннерлер дайындау, ауыларалық жолдарды тазарту т.б. жұмыстар үшін жұмсалды.

Алдағы жылдары атқарылатын жұмыстар:

1. Шұбарши, Қарасу ауылынан мал моласын жасақтау

2. Қарасу ауылынан терең ұңғымалы ауыз су құдығын қазу;

3. «Туған жерге тағзым» акциясының округте іске асуын жандандыру;

4. Мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалау, кәсіпкерлікті дамыту;

Е.АСЫЛБАЕВ,
Көптоғай ауылдық округінің әкімі.

АУЫЛДЫҢ БАСТЫ ҚАЖЕТІ – ТҰРАҚТЫ ЖОЛ ҚАТЫНАСЫ

Мемлекет басшысының «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес сіздерге 2018 жыл ішінде жүргізілген жұмысым жөнінде төмендегідей есебімді ұсынамын.

Осыған орай ағымдағы есеп беріліп отырған кезеңде округ әкімдігі Елбасының халыққа арнаған Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын насихаттау мен түсіндіру мақсатында Сарбие ауылы және Қаракөл елді мекен тұрғындарымен бірнеше кездесулер өткізді, жоспарларымен бөлісті, осы белгіленген межелер мен өткен кездесулер барысындағы келіп түскен ескертулерді, ұсыныстарды жүзеге асыру үшін округ әкімі аппараты бірқатар жұмыстар атқарды. Бізде өз кезегімізде осы жолмен жұмыс жасайтын боламыз.

Сарбие ауылдық округі бойынша 233 тұрғын үй бар, оның 209 үйі Сарбие ауылында, 24 үйі Қаракөл елді мекенінде орналасқан. Осы елдегі халық саны-1311, балалар-409, зейнеткерлер-116, мүгедектер-31, еңбекке жарамды тұрғындар саны-755. Округ бойынша 2-мектеп Сапаққөл орта мектебі мен Қаракөл бастауыш мектебі және мектеп жасына дейінгі «Әсем» бөбекжай-балабақшасы, «Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ және ауыл шаруашылығы саласында 1-ӨК, 1-ЖШС, 28-ШҚ, 1-АӨК, 3-АШК және әр түрлі салада 15 кәсіпкер, 1-клуб, 2-кітапхана үйі ауыл тұрғындарына қызмет көрсетеді. Жоғарыдағы аталған мекемелер мен агроқұрылымдар қызметін саралайтын болсақ, **Ауыл шаруашылығы саласында:**

Ауыл шаруашылығын дамыту бағытында Елбасының кезең – кезеңмен жарияланған көптеген бағдарламаларымен әр жылдардағы денсаулық, әлеуметтік қорғау, спорт т.б. бағытындағы Жолдау тапсырмалары біздің округте де жүзеге асырылуда. Өңірлерді дамыту бағытындағы «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының тапсырмалары толығымен орындалды. Егіс шаруашылығымен тұрақты түрде «Жақып» және «Рахым» шаруа қожалықтары айналысып келсе, биылғы жылы егіс себу бағытында «Кенжебай» шаруа қожалығы елеулі үлес қосты. «Жақып» шаруа қожалығы суармалы тары, көкөніс, бау-бақша егіп өнімдерін алды. Алдағы уақытта егіс көлемін ұлғайту, егіс егетін шаруа қожалықтарының санын көбейту, суармалы егіспен айналысу, майлы дақылдар егу бағытында мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде ұсақ шаруа қожалықтарын ірілендіру міндеттері тұр, бұл дегеніміз өнімдерін шикізат есебінде емес, өнім өндіріп тауар түрінде өткізетін, бәсекеге қабілетті шаруашылық құру. Бұл орайда «Жекенді», «Ағайындылар-Сарбие», «Жиенбет-Назерке» ауыл шаруашылығы кооперативтері құрылып, әрқайсысы 20 адамнан мүше қабылдап жұмысын жасап жатыр. Ауыл шаруашылығы кооперативін бірнеше түрлі бағытта ашуға болады, ұсақ шаруа қожалықтары мен әрбір тұрғын бұл бағытта ойлануларыңызды сұраймын. Шаруашылық субъектілері «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» мен «Даму», «Қазагроқаржы» АҚ арқылы несие алып, қызмет жасауда. Ауыл әкімдігі ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікпен айналысу бағытындағы барлық бастамаларды қолдайды және бірлесе жұмыс жасауға шақырады. Округ аумағындағы 4244 бас МІҚ, 17401 бас қой ешкі, түйе-7, 1764 бас жылқыға ветеринарлық іс шаралар уақытында жүргізілді, т.б. ветеринарлық шаралар жоспарға сәйкес жүзеге асырылды, 92 бас ит жойылды, бұл аздық етіп отыр жоспарын көбейтуді қажет етеді. Сарып аурумен 1 бас ірі қара ауырғандығы анықталып, дер кезінде жойылды, т.б. жұқпалы аурумен ауырған малдар анықталып шаралары алынып отырды. Округте жылқы таңбалау жұмыстары түрлі себептерге байланысты баяу жүргізіледі, бұл бағытта халықтың түсіністікпен қарап, осы іске атсалысуларын сұраймын. Мал бақтыру, оның азығын дайындау, тұрғындардың денсаулығы, отын сумен қамтылуы, ветеринарлық шаралар т.б. маусымдық жұмыстар тұрақты назарда. Округ бойынша мал азығы бірінші кезекте ауыл тұрғындарына түсіріліп, тұрғындардың мал азығын толық дайындап алуларына мүмкіндіктер жасалынды. Ауыл тұрғындарының жеке малдарын бағу орталықта және жайлымдық далада 4-жерде ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлік сала бойынша: Шағын кәсіпкерлікті дамыту халықтың тұрмысын жақсартудың, өнім өсімінің көзі болып қоймай, сонымен бірге жұмыспен қамту проблемалары мен кедейшіліктің алдын алуда шешуші роль атқарады. Ауылда 15-кәсіпкер қызмет жасайды, оның 6-ы сауда саласында, 3-уі мал шаруашылығы, 1-уі тігін, көлік, т.б. салаларында. Жастарды кәсіпкерлікке тарту, әрі жұмыс орындарын ашу мақсатында ашылған саябақ ішінен жазда бассейн, қыста мұз айдынын, ескі котельный ғиматының дөңгелек жөндеу, автокөлік жуу, қысқа екі-үш көлік қоятындай жылы гараж, дәнекерлеу цехын, бұрынғы МТМ ғиматынан ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін цехтар ашуға, аулаларынан шағын мал бордақылау алаңдарын ашуға ұсыныс жасаудамын, бірақ осыған құлшынып шығар кәсіпкерлердің, жастардың табылмауы көңілге кірбің ұялатады. Сауда саласындағы кәсіпкерлермен меморандумға отырып, халықтың көп тұтынатын тамақ тағамдарының бағасын өсірмеу бағытында ескертулер мен бағаларға бақылау жасалып, маңызды азық түлік бағаларының шектен тыс өсірмеулері жөнінде түсінік жұмыстары ұдайы жүрізіліп отырды.

Білім саласы бойынша:

Сапаққөл орта мектебінде барлығы 224 оқушы, Қаракөл бастауыш мектебінде 13-оқушы тәрбиеленіп білім алуда. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі «Әсем» бөбекжай-балабақшасы жұмыс жасайды, онда 4 топта 62 бала тәрбиеленуде. Мектептердің материалдық техникалық базалары қанағаттанарлық, Сапаққөл орта мектебінде асхана, акт, спорт залдары, мед. кабинет, 13 пән кабинеттері жұмыс жасайды, интернет, физика, биология, химия кабинеттері интерактивтік тақтамен қамтылған. Биылғы жылы 3 кабинет (қазақ тілі мен әдебиет, бастауыш сынып және технология) проекторммен қамтамасыз етілді. Интернет Сапаққөл орта мектебінде бар, жүйесінің жылдамдығы төмен, бұл мектептегі 224 оқушы мен 42 мұғалімнің интернет ақпаратын толық пайдалануларына жеткіліксіз болып тұр. Жаңартылған білім бағдарламасы негізінде тапсырмаларды орындау барысында интернеттен мәліметтер мен ақпараттар алуда қиындықтар тудыруда. 15 мұғалім деңгейлік және жаңартылған білім бағдарламасы бойынша білім жетілдіру және қайта даярлау курсынан өтсе, 3 мұғалім үш тілділік курсы бойынша білім алуда.

Медицина саласында: Ауыл орталығында бір дәрігерлік амбулатория қызмет көрсетеді, қалыпты жұмыс жасауына толық мүмкіндіктер бар, мамандары мен жұмысшылармен толық қамтылған. Бұл салада өз істерін жетік білетін мамандардың қызметтеріне халық риза, тек автокөліктерінің болмашы бөлшектері үшін бірнеше айлап тұрып қалуы көңілге кірбің ұялатады. Демеушіліктпен шаруа қожалықтары арқылы 4 дөңгелек алып берілді, двигателін толық жөндеуден өткізуге жәрдем берілді. Жұқпалы ауруларға тулеремияға, гипатитке қарсы т.б. прививкалар уақытында жасалды, флюрографиялық тексеруден өткен 700 адамнан жаңадан ауырған біреуі анықталды. Флюрографиялық тексеруден өз ынтасымен тұрғындардың өтуі төмен тізімдеп шақыруға, көлікпен алдыруға, кейбіреулеріне полиция қызметкерлерін араластыруға дейін мәжбірлейді. Жыл сайын 2-3 мәрте жылжымалы рентген аппаратын жіберіп тұрса да, ауылдан да барлық мүмкіндіктерді жасап отырғанда да тұрғындардың өз денсаулығын тексертуге немқұрайлы қараулары, нәтижесінде жыл сайын өкпе ауруларының шығып отыруы қынжылтады. Денсаулық өзімізге, болашақ балаларымызға керек, сондықтан әрбір отбасы жанұяларымыздың тексеруден өткенін қадағалайық дегім келеді.

Мәдениет саласында: Округ бойынша екі кітапхана, бір клуб үйі жұмыс жасайды, онда 4-қызметкер бар, мерекелік шаралар өз мәнінде өтіп тұрады. Мәдениет саласы қызметкерлерінің жұмысы ауыл жастарымен тығыз байланыста болулары керек. Себебі жастар мәселесі жай ғана мәселе емес олар ел болашағы, сондықтан ауыл жастарын назардан тыс қалдыруға болмайды. Округ бойынша 14-29 жас аралығында жастар-313, 56-мектеп оқушысы, 80-студент (15 жоғары, 65 арнаулы), 173 жас жұмыспен қамтылған (өзін-өзі қамту-76, жалдамалы жұмыста-97), 42-жас отбасы, одан 17 бала күтімімен отыр, 3-жұмыссыз, 9-әскерде. Өз кезегінде жастарда бастама көтеріп, өңірдің өркендеуіне үлестерін қосуда, ауыл жастарының күшімен саябақ қоршаулары жөнделіп сырланды, 200 түп ағаш отырғызылды, үнемі мәдени спорттық іс шараларға қатынасып отырады. Жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуларына жабық спорт кешені, ашық спорт алаңдары, саябақ, демалыс орындары бар, спорттың кез келген түрімен айналысуға жағдай жасалған. Кәсіппен айналысуларына да толық мүмкіндіктер бар, жасауға болатын жобаларды ұсынудамыз, ауылды көркейтетін жастарымыз шығып елді қуантады, біздердің іздерімізді жалғастырады деп сенемін.

Халықтың әлеуметтік тұрмыстық жағдайы: Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы негізінде тұрғындардың байланыс, медицина қызметімен, электр қуатымен, ауыз сумен қамтылған, жүк, жолаушылар тасымалдау жеке автокөліктердің, мал азығын дайындау шаруа қожалықтарының және азық түлікпен қамтемелеу жеке кәсіпкерлердің күшімен атқарылып келеді. Қыс айларында округ тұрғындарының қатты отынға деген сұраныстары негізінен жеке кәсіпкерлер техникалары арқылы тасымалданып, отынның сатылу бағасын ауыл тұрғындарына қолайлы бағаға сату бағытында түсінік жұмыстары жүргізілуде. Қыс ұзап салқындатып кететін жағдай болса жем-шөп, отын тапшылығы байқалады, қажетті жем-шөп, отын мәліметтері алынып шаралар қабылдануда. Ауылда рәсімделген 15 кәсіпкер қызмет көрсетеді, округтегі саудамен айналысатын кәсіпкерлермен маңызды азық- түлік бағаларының шектен тыс өсірілмеуі жөнінде түсінік жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады. Тұрғындар жалақыларын, зейнетақыларын, балаларға берілетін жәрдем ақыларын, газет журналдарын уақытында алып отырады. Ауылда тұрақты түрде 4-канал бойынша теледидар, АТС 165 абонентке, «Актив», «Билайн» ұялы телефондары қызмет көрсетіп тұр. Ақылы қоғамдық жұмысқа жыл бойына 35 адам, «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы арқылы жастар тәжірибесінен өтуге 6 адам, «Гүлдене бер, туған ел!» бағдарламасы аясында барлығы 31 адам оның ішінде аз қамтылған отбасынан-7, мүмкіндігі шектеулі жандардан-1, жас отбасы-4, студенттерден-12, оқушылардан-4, жұмыссыз-4 адам тартылды. Несие алып кәсіпкерлік ашу мақсатында 1 адам кәсіптік оқыту бағдарламасы бойынша, қайта даярлау курсынан 18 адам оқып келді. Шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлердің көмегімен ауыл тұрғындарын азық-түлік, тұрмыстық заттармен қамтемеленуде, сонымен қатар олар осы аймақта өтетін түрлі мәдени іс шараларға, аз қамтылған отбасыларына тұрақты түрде қамқорлықтар жасалуда. Аз қамтылған бес мүгедек отбасыларына шаруа қожалықтары арқылы бір-бір көлік мал азығындық шөп, қайрымдылық акциясымен көмек көрсетілді, спорттық мәдени шараларға, «Мектепке жол» акциясы бойынша 19 оқушыға көмек берілді. Біз бұл әлеуметтік әріптестікті қолдаймыз, осы шараға ат салысқан абзал жандарға ризашылығымызды білдіреміз. Тұрғындармен кездесулер өткізіліп, қойылған өзекті мәселелер округ әкімшілігінің мүмкіндігіне қарай шешіліп, ал округ әкімшілігінің мүмкіндігі келмеген мәселелер жоғарғы орындарға жолданылып отырылды. Нәтижесінде халық қажетсініп отырған мына мәселелер жүзеге асырылды.

Сонымен қатар «Алтын асық», «Сыбаға», «Құлан», «Жұмыспен қамту жол картасы–2020», «Ауыл шаруашылығы кооперативі» туралы т.б. бағдарламалары туралы түсініктер беріліп, бағдарламалардың тиімді жақтары тұрғындарға насихатталып отырылды.

Ауылдың санитарлық жағдайы:

2018 жылы санитарлық тазалық ауылдың шетіндегі күл-қоқыс төгетін орынды, оның айналасына шашылған қоқыстарды жинақтаудан басталып, көше арасындағы қоқыстарды жинау жыл бойына жүргізіліп келді. Сонымен қатар мекемелердің айналасының қоршаулары сырланып, тұрғын үйлер мен ауылдың іші-сыртындағы талдар әктелді. Санитарлық үш айлық жарияланды.

Әкімшілік қызметі: Елімізде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мен атқарушы органдардың өкілеттіктерінің аражігін ажырату және мемлекеттік қызметтегі жүргізілген реформалар өңір өміріне елеулі өзгеріс әкеліп отыр. Ауыл әкімдіктерінің қызмет аясы кеңеюде. Ауылдық әлеуметтік мәселелерін жақсарту бағытындағы қызметтерді жүзеге асыруда жергілікті атқарушы органдарға көптеген міндеттер жүктеліп отыр. Осыған орай әкім аппараты округ аумағына қарасты елді мекендердің санитарлық тазалығын тұрақты назарда ұстады. Су, электр қызметтерінің тұрақты болуы, ауыл тұрғындарының газет журналдарға жазылуы, байланыс, телевизор қызметтерінің жұмыс жасауы, үнемі бақылауда ұсталып отырылады. Дегенмен әкімшілік аумақта өз күшімізбен шеше алмайтын проблемалық мәселелер де жоқ емес. Елдің экономикасын көтеруде жолдың атқарар үлесі зор. Аймақтардың өзара байланысын жақсартады, елдің ішкі әлеуетін арттырады, бір-бірімен сауда саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Бұл бағыттағы мақсаттарға жыл сайын айтылып келе жатқан 16 шақырым Сарбие-Дайра жолының 10-шақырымының көтерілуі ауыл тұрғындарын қуанышқа бөледі. Дегенмен осы жолды ұстауда жол жиегіндегі шөптердің бүгінгі күнге дейін қырылмауы, су жырған шұңқырлардың бітелмеуі алдағы уақытта қиындықтар тудырғалы тұр. Тұрғындарды ауыз сумен қамтемелеудегі ұңғыма құдықтарының тапшылығы мен оның сапасына тиісті орындар назар аударса, ауыз су құбырына күрделі жөндеу жүргізілсе деген тұрғын халықтың тілегі бар. Әрине аудан әкімдігі тиісті органдармен бірлесе отырып оларды шешу жолдарын іздестіруде.

«Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Сенім телефоны» жұмыс жасайды. Округ тарапынан ауылдарды аралау кезінде және үнемі ауыл тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді.

Тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттыру басты міндет болып табылады. Округ бойынша 2018 жылы жеке қосалқы шаруашылығы болу туралы анықтама алуға 450 қызмет электрондық түрде көрсетілді, «Мемлекеттік атаулы-әлеуметтік көмек» бойынша 43 отбасы құжат тапсырып, одан 19 отбасыға жәрдемақы тағайындалып, ол толығымен төленді. «Ойыл аудандық ветеринарлық стансасы» МҚК біздің округтегі бөлімшесі арқылы 350 ветеринарлық анықтама берілді. Кестеге сай ХҚКО жанынан құрылған мобильді топ келіп 196 тұрғын электронды қолтаңба т.б. қызметтер алды. Бұл бағыттағы қызметке ешқандай шағым болған жоқ, барлық қызметтер мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары бойынша жүргізіледі. Ауыл тұрғындарынан жыл бойына 4 өтініш түсіп, оның 3 қанағаттандырылды, 1 жеке қабылдауда болып түсіндірілді. Бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне сенім артырудың басты бағыты болып табылады

Қортынды: Есепті уақыт ішіндегі атқарылған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерді саралай отырып, жергілікті қоғамдастықпен бірге ағымдағы жылы және алдағы уақытта :

- Шағын кәсіпкелікті қолдау, жұмыс ауқымын кеңейту, орталықта, т.б. халыққа қызмет көрсететін цехтар ашу;
- Ауылдың келбеті мен санитарлық тазалығын сақтау шаралар кеңінен жүргізу ;
- Жастар демалатын орындар, спорттық алаңдар жасақтау, жастармен жұмысты жандандыру;
- Ауыл шаруашылығын ірілендіру мақсатында инвесторлар тарту, әлеуметтік инфрақұрлымдарды, шағын және орта бизнесті дамыту;
- Әлеуметтік аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі жандарды мүмкіндіктеріне қарай кәсіппен шұғылдануларына жағдай туғызу;
- Мемлекеттік бағдарламалармен жұмыс жасаушылардың санын көбейту.
- «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы жобалық сметалары дайын көшелерге тас төсеніштерін төсеу.
- Округтің көркейуін одан әрі жақсарту үшін «Туған жерге тағзым» акциясы аясында жұмыс жасау.

Осының барлығы жергілікті жерде тұрғындардың жағдайын жақсату мақсатында жасалынған шаралар және алдағы уақытта жүзеге асуда басымдық берілетін бағыттар. Ауылдық әкімдік халықпен бірлесе отырып осындай іс-қимыл бағдарламасымен жұмысты жалғастыратын болады.

Н.АТАҒАЛИЕВ,
Сарбие ауылының әкімі.

2019 ЖЫЛДЫҢ I - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ЖӘНЕ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Бисебаев Дәурен Қаржауұлы Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Қазмұханов Молдашқали Жұмағалиұлы Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма, күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛДЫҢ I - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сағыров Дастан Жарылқасынұлы, аудан әкімі	Қаңтар айының - 9 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Қаңтар айының - 30 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19
		Ақпан айының – 6, 13 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Ақпан айының - 20, 27 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19
		Наурыз айының - 6, 13 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Наурыз айының - 20, 27 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық филиалының ғимараты	2-12-19

2019 ЖЫЛДЫҢ I - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	КенжебаевАсылан Кенжебайұлы, аудан әкімінің орынбасары.	Қаңтар - 8,15,22,29 күндері Ақпан - 5,12,19, 26 күндері Наурыз - 5,12,19,26 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23
	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар - 14,21,28 күндері Ақпан - 4,11,18,25 күндері Наурыз – 4,11,18,25 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		
	Байманов Советхан Маратұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы міндетін атқарушы	Қаңтар - 10, 17, 31 күндері Ақпан - 7,14,21,28 күндері Наурыз – 14, 28 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		

2019 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АУДАННЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Аудан	қантар				
Ойыл	15 сейсенбі	16 сәрсенбі	17 бейсенбі	18 жұма	24 бейсенбі
	Қараой ауылы, ауылдық клуб, сағ.10-00. Сарбие ауылы, ауылдық клуб, сағ.14-00.	Ақжар ауылы, ауылдық клуб, сағ.11.00. Кемер ауылы, орта мектеп, сағ.16-00.	Көптоғай ауылы, ауылдық клуб, сағ.10-00. Қаратал ауылы, ауылдық клуб, сағ.15-00.	Ойыл ауылы, Аудандық мәдениет үйі, сағ.11-00	**Ойыл ауылы, Аудандық мәдениет үйі. сағ.11.00**
Барлығы -8	**2**	**2**	**2**	**1**	**1**

2019 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ КЕСТЕСІ

Аудан			қантар		
	15 дүйсенбі	16 сейсенбі	17 сәрсенбі	19 бейсенбі	20 жұма
Қараой ауылдық округі	Құбасай ауылы, мектеп, сағ.15.00				
Сарбие ауылдық округі	Қаракөл ауылы, мектеп, сағ.10.00				
Қайынды ауылдық округі	Көсембай ауылдық клуб, сағ.10.00				
Саралжын ауылдық округі	Бестамақ ауылы, мектеп, сағ.14.00 Аққемер ауылы, мектеп, сағ.16.00		Қоңырат ауылы, клуб, сағ. 10.00 Шиқұдық ауылы, клуб, сағ.15.00		
Көптоғай ауылдық округі		Аманкелді ауылдық клуб, сағ.10.00 Қарасу ауылы, клуб, сағ.14.00 Шұбарши ауылы, клуб, сағ.16-00			
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі				Қарасу ауылы мектеп, сағ.10.00 Құмжарған ауылдық клуб, сағ.15.00	
Ойыл ауылдық округі			Ақшатау ауылы, мектеп, сағ.11.00 Қаракемер ауылы, клуб, сағ.15.00	Екпетал ауылы Мектеп, сағ.10.00	
Барлығы -15	**5**	**3**	**4**	**3**	

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ Ш.С.ЖОЛАМАНОВАНЫҢ 2019 ЖЫЛҒА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.

№	Аты – жөні	Қызметі	Жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізетін уақыты мен күні	Орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Жоламанова Шамшырақ Сәдуақасқызы	Бөлім басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 10:00 – 12:30	Ойыл ауылы Көкжар көшесі №68 үй	8(71332) 2-18-79

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ:

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі **2-18-79 сенім телефонына** хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз – шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі А. Мубараков	Қаңтар 2, 9, 16, 23 Ақпан 6, 13, 20, 27 Наурыз 6, 13, 20, 27	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74-145

2019 ЖЫЛДЫҢ I ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Жергілікті атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Қайынды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кожахметов Талгат Байгалиевич, Қайынды ауылдық округі әкімінің м.а.	4,11,18,25 қаңтар 1,8,15,22 ақпан 1,7,15,29 наурыз	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй,	74-8-10

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қайынды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. ***Сенім телефонының нөмірі 74-8-14.*** Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жәшігі орнатылған.

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» ММ-НІҢ 2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ.

Бөлім бастығының аты-жөні, тегі	Қызметі	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ержанов Жасұлан Мінсізбайұлы	Бөлім басшысы	Күнделікті : 9.00-12.30 14.00-18.30 Демалыс: сенбі,жексенбі.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 Кабинет 309	8(71332) 2-18-80

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. ***Сенім телефоны 2-18-80*** нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2019 ЖЫЛДЫҢ I - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Иманғалиев Бекболат Жонысұлы бөлім басшысы	Қаңтар - 8,15,22,29 күндері Ақпан - 5,12,19, 26 күндері Наурыз - 5,12,19,26 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Шернияз көшесі № 49	2-19-48

2019 ЖЫЛДЫҢ I-ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	Сембин Еркебұлан Маралұлы, бөлім басшысы	Қаңтар - 4,11,18,25 күндері Ақпан - 1,8,15,22 күндері Наурыз - 1,15,29 күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:30-ға дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-77

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ***2-11-54 сенім телефонына*** хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ ХАБАРЛАЙДЫ!

Мемлекет басшысының 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2019 жылы Ойыл ауданы бойынша ауылдық округтер әкімдері мен аудан әкімі өткізетін халыққа есеп беру кездесулеріне байланысты тұрғындардан түсетін хаттар мен ұсыныстарды жинауға арналған арнайы жәшіктердің орналасқан орны туралы ақпарат

Ауылдық округтер атауы	Елді мекендердегі ұсыныс жәшіктері орналасқан орын
Ойыл ауылдық округі	1. Ойыл ауылы – ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты 2. Ойыл ауылы – аудандық мәдениет үйі ғимараты 3. Екпетал ауылы – негізгі мектеп ғимараты 4. Ақшатау ауылы – орта мектеп ғимараты 5. Қаракемер ауылы – негізгі мектеп ғимараты
Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі	1. Қаратал ауылы – ауылдық клуб ғимараты 2. Құмжарған ауылы – ауылдық клуб ғимараты 3. Қарасу ауылы – бастауыш мектеп ғимараты
Саралжын ауылдық округі	1. Кемер ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты 2. Аққемер ауылы – орта мектеп ғимараты 3. Бестамақ ауылы – негізгі мектеп ғимараты 4. Шиқұдық ауылы – негізгі мектеп ғимараты 5. Қоңырат ауылы – дәрігерлік пункт ғимараты
Қайыңды ауылдық округі	1. Ақжар ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты 2. Көсембай ауылы – негізгі мектеп ғимараты
Көптоғай ауылдық округі	1. Көптоғай ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты 2. Шұбарши ауылы – негізгі мектеп ғимараты 3. Қарасу ауылы – негізгі мектеп ғимараты 4. Аманкелді ауылы – орта мектеп ғимараты
Қараой ауылдық округі	1. Қараой ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты 2. Құбасай ауылы – бастауыш мектеп ғимараты
Сарбие ауылдық округі	1. Сарбие ауылы - ауылдық округ әкімі аппаратының ғимараты 2. Қаракөл ауылы – негізгі мектеп ғимараты

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1725 дана. Тапсырыс №4
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«А-Полиграфия» баспаханасында басылды. Т.Рысқұлов көшесі, 190.

Басылу сапасы жөнінде 56-21-54 телефонына хабарласуға болады.

ҮМІТ СЫЙЛАҒАН ҮЛГІЛІ ІСТЕР БАР

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ОРТАЛЫҚ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР БАСШЫЛАРЫНЫҢ, ӘКІМДЕРДІҢ, ҰЛТТЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ РЕКТОРЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» 2016 ЖЫЛҒЫ 5 АҚПАНДАҒЫ № 190 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС СІЗДЕРГЕ ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫСЫМ ЖӨНІНДЕ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ ЕСЕБІМДІ ҰСЫНАМЫН:

Ұлт басшысы Н.Назарбаев 2018 жылдың 10 қаңтарындағы халыққа «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында алдымызға 10 міндет қойған болатын.

Осы орайда Елбасы қойған мақсаттарды орындау бағытында ауылдық округ әкімі аппараты барша халықпен бірлесе отырып осы ортақ тапсырманы орындау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізуді жоспарлауда. Жолдауда айтылғандай орта тапты қалыптастыру өте маңызды. Бұл яғни азаматтарымыздың әл-ауқаты жақсарып, өзін-өзі жұмыспен қамтуы, білікті, көп тіл білетін маман болуы қажеттігін көрсетіп тұр.

Ауылдық округ аумағында ауыл шаруашылығымен бірге шағын кәсіпкерлікте дамуда. Миграциялық процесс жүріп жатсада халық саны азайған жоқ. 2018 жылдың 1 қаңтарына 6649 адам құраса,2019 жылдың 1 қаңтарына 6841 адамға жетті.. Оның ішінде Ойыл селосында 5668 адам. 2018 жылға ауылдық округте әлеуметтік-экономикалық дамуы оң динамикасын көрсетіп отыр. Дүниеге келген сәбилер саны 170 бала.,дүниеден өткен 48 адамды құрап отыр. Зейнеткерлер 670 адам. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар 200 адам. Студенттер 310 адам. 2018 жылы Ойыл ауылдық округі бойынша 1 «Алтын алқа», 6 «Күміс алқа» наградасымен марапатталды.

Бюджет:

2018 жылдың қаңтар айынан бастап Ойыл ауылдық округі төртінші деңгейлі бюджетке енгізілді.

Кіріс жоспар 13,717 тг. Оның ішінде табыс салығы - 6600,0, мүлік салығы - 250,0, жер салығы - 530,0, көлік салығы -5354,4 тұсті.

Аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу бағдарламасы бойынша:

Ойыл селосында 2018 жылы 6 көшеге асфальт төселді. Атап айтсақ,

Дәуленов көшесі орташа жөндеу жұмысына 34 521 153,44 теңге

Қойшыгұлов көшесі орташа жөндеу жұмысына 29 236 993,44 теңге

Қарағұлов көшесі орташа жөндеу жұмысына 14 777 793,44 теңге

Масатов көшесі орташа жөндеу жұмысына 10 240 673,44 теңге

Желтоқсан–Сәтпаев көшесі орташа жөндеу жұмысы жүргізілді. 10 073 799,04 теңге сommасы 2019 жылы аударылады.

Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру бағдарламасы арқылы Ойыл селосы Тәуелсіздік көшесіне және Қлипанов көшесіне балалар ойын алаңдары 2 200 000 теңгеге салынып, қолдануға берілді.

Ауыл шаруашылығы:

Ауылдық округтің ауыл шаруашылық алқабы 160 491 га. Шаруашылық құрылымдары иелігінде 77540 га жер учаскесі бар. Ауылдық округтің аумағында 64 ШҚ, 7 ЖШС, 3 АӨК, 1 ӨК бар. Шаруа қожалықтарында тіркелген жұмысшылар саны 87 адам. Еңбек даулары туындаған жоқ.

Округ бойынша асыл тұқымды мал басын алу бойынша жоспар орындалып 100 пайыз көрсеткішті көрсетіп отыр. Барлық ШҚ мен ЖШС-лар қысқы мал азығын жеткілікті қылып жинап алды. 2019 жылдың 01 қаңтарына санақ қорытындысы бойынша мал басы саны : МІҚ 2969 бас, Жылқы-1672 бас, Қой-ешкі - 6855 бас, түйе – 4 бас, құс-591 бас. Осы орайда округте сиыр мен жылқы басының өсуінде жақсы көрсеткіш бар екені көрінуде. Жыл басынан бері округте мал дәрігерлік шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырылды. Округ бойынша санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында сарып ауруына шалдыққан малдар «Мирас-Көкжар» ЖШС-нің мал сою пункті арқылы сою жолға қойылған. 6855 бас қойешкі бруцелезге тексеріліп, оң нәтиже берген 18 бас жойылды және өтемақы төленді. Сиыр 2969 бурулезге тексерілді, оң нәтиже берген 60 бас жойылды. Ақшатау елді-мекенінде, Талтоғайда құтырыққа МІҚ-ға шілде айында шектеу алынды. қойылып Жалпы жыл басынан бері 48 үйдің қора-жайының 6873 шаршы метр жері дезинфекцияланды. 355 бас ит эхиноккозбен дәріленді. Алайда тұрғындардың сойылған, кеткен малдарын ИСЖ базасынан есептен өздігінен шығаруы баяу.

Бау-бақша өсіру бойынша Шөңке бағытына 100 га жерге тары егілді. Ауыл сыртындағы өзен жағасына мекемелер, жеке тұрғындар 3,5 га жерге картоп екті. Жеке кәсіпкер Т.Жауынбаев 2,5 га жерге бау-бақша өнімдерін (қарбыз, қауын, қияр) егіп, қазіргі таңда өнімдерін тұрғындар тұтынуда. Округ бойынша тұрғындардың ауласына еккен бау-бақша 30 га құраса, Ақшатау және Ойыл ауылы тұрғындары іргесінен ағып жатқан өзен бойына 4 га аумаққа картоп отырғызды.

Субсидиялау:

МІҚ бойынша: Ауыл шаруашылығы құрылымдарын қолдау мақсатында «Іскер» бағдарламасы бойынша 2 ШҚ, 1 ЖК МІҚ 1022 басқа 12 млн 900 мың теңге төленді. Округ бойынша 25 ШҚ 17 асыл тұқымды бұқа сатып алды. Оған 2 550 000 теңге субсидия төленді. Қоғамдық табынға қосылған асылтұқымды бұқаға 300 000 теңге төленді.

Қойға: Асыл тұқымды қошқар сатып алғандарға 51 басқа 1 200 000 теңге. Қойға селекциялық және асылдандыруға 1206 басқа 1 809 000 теңге төленді. ШҚ мен тұрғындар «Актеп» ЖШС мал бордақылау алаңына 442 бас бұқашықтар тапсырды. Жоспар 100 пайыз орындалды.

Кәсіпкерлік:

Округ бойынша кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 348 бірлік. Оның ішінде – ЖШС – 7, ШҚ – 64, ЖК – 260, АӨК – 3, ӨК – 1. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының 2 бағыты аясында» округте 21 адам барлығы 86,10 млн теңге несие алды. Кәсіпкерлік нысандары қалыпты жұмыс атқаруда. Жыл басынан бері аудан орталығында М.Тілепованың «Ақнұр» жеке дәріханасы және жеке кәсіпкер Н.Сырымовтың «Дос» азық-түлік дүкені ашылды.

2020 жылға дейін бірқатар инвестициялық жобалар ұсынылған болатын. Атап айтсам:

- Автокөлік жөндеу орталығы іске қосылды- жеке кәсіпкер М.Әлібеков;

- Жеке кәсіпкер А.Газизова жеке балабақшасын алдағы жылға жоспарлап отыр;

- Жеке кәсіпкер Б.Ақан сапаржай, қонақ үй кешенінің құрылысын бастады. Келер жылға құрылыс жұмысын аяқтап, іске қосу жоспарлануда.

- Жеке кәсіпкер К.Әліп тойхана құрылысын бастап, жұмыстар жүргізілуде.

«Арзан» киім дүкені - иесі ЖК Д.Айдаров, «Ануар» азық-түлік дүкені – иесі А.Лосуотов, Ж.Нұрқасованың азық-түлік дүкені ашылды, «Мирас» азық-түлік дүкені - Адильханов Мирас, «Ағила»- азық-түлік, киім-кешек дүкені- Б. Ұлықпанова-,Ойыл асхана азық-түлік дүкені, «Саумал» қымызхана-Ж.Галиакбаров.

Округте дамымай отырған салалардан –қоян, құс, ешкі өсіру тәрізді салаларды қолға алушылар болмай тұр.

«Бизнес-бастау» жобасына округтен 151 адам өтініш білдіріп арнайы тестілеу арқылы 150 қатысушы оқу курстарына жолдама алды, 100 пайыздық көрсеткіш орындалды, 12 қатысушы 2880 000 теңгеге 100 МРП қайтарымды грант игері атанып, өз кәсіптерін ашты. Жылдық жоспар 33 қатысушы 122,22 пайызға орындалды.

Ауыл шаруашылығын қолдау бойынша «Мұрагер» ШҚ, «Мақсат» ШҚ, Нурқасова, С.Шахметов 22,3 млн теңге несие алып, игерілді.

Әлеуметтік қорғау:

Газ тарту жұмысы Ойыл ауылы бойынша толық аяқталды деп айтуға болады. Ойыл ауылы орталығына 1102 үй болатын болса, оның 1003 үй көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Бұл Ойыл ауылындағы тұрғын үйлердің 98 пайызы. «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша 72 адам жұмыс жасады. Округ бойынша 160 адам жұмыссыз. Осы ретте шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлердің жұмыс күшіне үнемі мұқтаж болып отыратындығына назар аудара кеткім келеді. Сонымен бірге округте де қоғамдық табысты бағуға малшы жоқ.

Тұрғын үй құрылысы жұмыстарына 28 адам жұмылдырылса, қарбыз егуге 15 адам жұмыспен қамтылды. Ағымдағы жөндеу жұмыстарына 7 адам, ақылы қоғамдық жұмысқа 88 адам қызмет етті.

8 наурыз мерекесіне орай тыл еңбеккерлері, батыр аналар мен «Алтын алқа» иегерлеріне дастархан жайылды. 9 мамыр мерекесіне орай тыл еңбеккерлеріне арнап Шұғыла демалыс орталығына дастархан жайылып, 42 тыл еңбеккеріне сый табысталды. Қазан айында қарттар мен мүгедектер күніне орай 200 адамға мәдениет үйінде концерт қойылып, мекеме тарапынан 15 адамға сыйлық табысталды.

Қайырымдылық шаралары төмендегідей:

Ауылдық округ тарапынан жалғызбасты қарттарға, аз қамтылған отбасыларға түрлі көмектер берілді. Е.Браташова, Н.Селбаев, О.Мұқановтарға округ мамандарының ұйымдастыруымен қолдай көмектер көрсетілді. Аудан басындағы мекеме қызметкерлерінің көмегімен 20 көмекке мұқтаж аз қамтылған отбасыға 3 қаптан картоп алып берілді.

Мұқтаж жандарға арнап ауылдық округ ғимаратының 3 қабатынан ашылған әлеуметтік дүкен тұрақты жұмыс жасап тұр. Бүгінге дейін 265 рет әлеуметтік дүкен тауары тұтынылды. 65 адам таза, бүтін киімдерді табыстады.

Білім беру:

Округ бойынша 1 колледж, 4 орта мектеп, 2 негізгі мектеп, 5 бала бақша, 2 мектеп жанындағы балалардың шағын дамыту орталығы, 1 спорт мектебі қызмет етуде.

Денсаулық сақтау:

Аудан орталығында аурухана, Қаракемер, Ақшатау, Екпеталда 3 ФАП қалыпты жұмыс жасап тұр. ФАП-тар алғашқы көмек көрсететін қажетті дәрілермен қамтылған.

2018 жыл бойынша округте 174 әскерге шақырылушы жігіттер әскери комиссариатқа шақырылып, 126 дәрігерлік тексеруден өтті. Келмей жүрген әскерге шақырушылар мекен жайы бойынша аралап түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Дегенмен әскери борышын өтеуден жалтарған, дәрігерлік тексеруге келмейтін жастардың барлығында рас. Олар аудандық ІІБ арқылы іздестіріліп, 25-і әкелінді. Осы себепті ата-аналар мен аға буынан, білім қызметкерлерінен ер азаматтың міндетін жастарға түсіндіруді өтінемін.

Осы ретте Ойыл ауданынан әскер қатарына міндетін атқарып жүрген азаматтардың үлгілі сарбаз болып жүргенін айта кету жөн.

Флюротексеруден өту жоспары 3370 адам, орындалғаны 3655 адам. 108,5 пайыз.

Мәдениет және спорт:

Округ бойынша 1 орталық кітапхана, 1 балалар кітапханасы, 3 ауылдық кітапхана, 1 мәдениет үйі, 1 Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы мәдениет және демалыс орталығы және 2 ауылдық клуб халыққа қызмет көрсетуде.

«Туған жерге тағзым» бағдарламасы аясында Ойыл ауылында 1981 жылғы жерлестеріміз аудан орталығындағы көшеге жазғы көлеңкелі демалыс орнын жасақтады. Ойыл ауданының ірі тұлғаларының бірі Байсалбай Жолмырзаевқа ұрпақтары арнап ескерткіш-бюст, сонымен қатар аты берілген көшені абаттандыру мақсатында брусчатка төсеп берді.

Құрманов көшесінде «Ақ тарының атасы» - Ш.Берсиевке арналған биост орнатылды. Округке қарасты Ақшатау елді мекенінің кіре берісіне 1988 жылғы түлектер мен 1973 жылғы туылған түлектер Ақшатау елді мекені аты жазылған стелла орнатты. Округке қарасты Қаракемер елді мекенінің белсенді кәсіпкері А.Исмағұловтың демеушілігімен аталған елді мекеннің аудан орталығымен қатынас жолына және Жаңақоныс аумағына тұрғындарының сұрауы бойынша көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында дамбы көтеру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар елді мекендегі балабақша ғимаратының құжаттарын жасақтауға 500 мың теңге көлемінде қаржы жұмсап, мектепке тарту етті.

Белсенді кәсіпкер Қ.Қыстаубаевтың ықпалымен округке қарасты Ақшатау елді-мекенінің тұрғындарының сұрауы бойынша аудан орталығымен қатынас жолына көпірдің құрылыс жұмыстары жүргізілді. «Құлбай» ШҚ төрағасы С.Құлбаевтың ықпалымен округке қарасты Жаңабаз қыстағының тұрғындарының игілігіне орталықтандырылған ауыз су құбыры тартылып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалды.

Мердігер компания «Асфальт» ЖШС көмегімен Көкжар көшесінің 450 м бөлігіне асфальттау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қоса Шерниияз көшесіндегі бұзылған көтерме жолды қалпына келтіру жұмыстары, Сегізсай, аулиілиелік жолдар тегістелді.

Аудан басындағы бірқатар мекеме басшыларының ықпалымен Ойыл ауылында 4 жерге Street Workout спорттық алаңдары жасақталды. (Клипанов, Құрманов, Тәуелсіздік, балалар жағажайы).

Облыс әкімі Б.Сапарбаевтың бастамасымен биылғы жылы қолға алынған «Бақытты бала» жобасы және «Туған жерге тағзым» бағдарламасы аясында аудан басындағы мекемелер мен білім беру ошақтарының күшімен балалар жағажайы ашылды.

Облыс бойынша түрлі деңгейде спорттық және бұқаралық спорттық жарыстар аудандық деңгейдегі шынықтыру және спорт бөлімімен бірігіп ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар ұлттық «Көкпар» ат спорты қайта жанданып, қолға алынуда. Округке қарасты Қаракемер елді мекенінде аталған спорт түрі бойынша команда жасақталды.

Ауылдық округ бойынша бір мешіт тіркелген. Діни жағдайы қалыпты. Террористік тұрғыда осал нысан болып есептелгендіктен мешіт ішінде бейне бақылау камерамен қамтылған. Басқа ағымға еліктеген адамдармен алдын алу жұмыстары жүргізіліп келеді. Қоғамдық тәртіп сақтау мақсатында 2 учаскелік инспектор және сарбаздар жұмыс атқаруда. Сонымен қатар, аудан мекемелерімен кәсіпорындар қызметкерлері арасынан ДНД кезекшілік жүргізілді.

Санитарлық тазалық және абаттандыру.

Ауылдық округтің санитарлық тазалығын сақтау, көгалдандыру жұмыстарын, абаттандыру басты назарда. Аудан орталығының 30 көшесі әр мекемеге бекітіліп, тазалық жұмыстарын жүргізіліп, сенбіліктер ұйымдастырылды. Дей тұрғанмен әрбір азаматтың өз үйінің, ауласының, ауылының, Отанның тазалығына жаны ашып қараса деймін. Мекемелердің күшімен сенбілік ұйымдастырылып, А.Иманов көшесі бойына 100 м жаяу жүргіншілер жолы төселді.

Ойыл ауылдық округі бойынша аса ауыр қылмыстарға, тәтенше жағдайларға жол берілген жоқ. Бұрын сотталғандармен профилактикалық есепте тұрғандар үнемі бақылауда. Қоғамдық орындарда ішімдік ішу, жануя тыныштығын бұзу, көмелеттік жасқа толмағандардың түнде жүруі, түнгі тыныштықты бұзу тәрізді жағдайлар тіркеліп, шара алынды.

Әкімшілік аумақта 36 қылмыс тіркеліп (ұсақ ұрлық, мас күйінде көлік жүргізу, пәтер ұрлығы т/б) оның ішінде 32-і ізі суымай ашылды. Ақшатау, Қаракемер, Ойыл ауылында жылқы үйірлерінің бірнеше күн жоқ болып кетіп, учаскелік полиция қызметкерлерінің күшімен іздеп тауып берілді.

Ойыл ауылы бойынша қоғамдық табын 3 бағытқа сиыр бағу ұйымдастырылған болатын. Алайда бақташы табу өте қиын болып отыр. Қоғамдық табынға 6 бұқашық қосылды. 3 асыл тұқымды , үшеуі тұрғындардың жекесінен қосылды. 2018 жылы Ойыл кіреберісіне 600 түп терек отырғызылса, Шернияз, Көкжар, Құрманов көшелеріне 250 түп терек т.б. ағаштар отырғызылды.

Құжат айналымы:

Округ әкімімен 2018 жылдың басынан бері барлығы 165 өкім, 155 шешім шығарылып, оның ішінде 31 шешім тұрғын үй салуға бөлінген жер телімдеріне алынған.

2018 жылдың мекемеге 1017 кіріс құжаттары түсіп тіркелді және 1299 шығыс құжаттары жөнелтілді. 2018 жылы округ әкіміне 197 жеке тұлға, 11 заңды тұлға арыз жазып, оларға заң талаптарына сай уақытында жауап берілген. Қаралмаған арыз немесе өтініш жоқ. Ауылдық округ бойынша 21 мемлекеттік қызмет түріне қызмет көрсету бекітілген.

2018 жылдың басынан бері заңды және жеке тұлғаларға 150 дана «Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі көрсетілген. «Жер телімінің нысаналы мақсатын өзгерту» қызметіне 4 өтініш түсті, қанағаттандырылды. Жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін сұраған 73 арыз қанағаттандырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес:

«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, мекеме орналасқан ғимараттағы №204 кабинетте арыз шағымдарға арналған жәшік және арыз-шағымдар кітабы орнатылған, «Ойыл» газетіне 2018 жылдың қараша айында мақала жарияланды. Осы уақытқа дейін «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері арасынан 2018 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңды бұзып, қылмыстық, тәртіптік жазаға тартылғандар, округ әкімі аппаратының қызметкерлерінің дәрежелігі мен әдепсіздігі туралы шағымданған тұрғындар болған жоқ.

Ойыл аудандық сотымен 2018 жылы қоғамдық жұмыстарға сотталған азаматтар

Тнеев Мейірбек Аманжолұлы 150 сағаттық

Адайбаев Ербол Мунаевич 80 сағаттық

Төлеуов Жанболат Жүсіпұлы – 120 сағаттық

Қарлығашов Серік Қарсақбайұлы - 140 сағаттық қоғамдық жұмыстарға тартылды.

2019 жылы ауылдық округтің даму жоспары:

Есепті уақыт ішіндегі атқарылған жұмыстарды саралай отырып, жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп алдағы жылға төмендегідей жұмыстарды атқарамыз деп мақсат қойып отырмыз.

- Ауылдың келбеті мен санитарлық жағдайын жақсарту, көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын күшейту;

- Көшелерді жарықтандыру, кеше жолдарын асфальттау мәселесін шешу;

Жасықталған ЖСҚ қаражат бөлінген жағдайда және «Туған жерге тағзым» бағдарламасы аясында төмендегідей жұмыстарды жүргізу жоспарлануда.

- 1. Балалар ойын алаңы.

- 2. Ойдағы бау-бақша аумағына электр желісін тарту және жарықтандыру.

- 3. Көшелерге тротуар төсеу.

- 4. Аудан орталығына автотұрақтар жасақтау.

- 5. Бұқаралық спортты дамыту мақсатына Ақшатау, Қаракемер, Екпетал елді мекендеріне спорттық алаңдар орнату.

- 6. Ақшатау елді мекеніндегі клуб тың жұмысын толық бітіріп, іске қосу.

- 7. Екпетал елді мекенінің көтерме жолының сметалық құжаттарын жасақтау.

Д.БИСЕБАЕВ,
Ойыл ауылдық округінің әкімі.

САМАТ НАРЕГЕЕВ – «АҚТӨБЕ» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ

Талай талантттың томағасын сыпырып, журналистиканың сүрлеуіне салған аудандық «Ойыл» газетінен түлеген қаламгерлер көп. Белгілі жазушылар Құрал Тоқмырзаұлы, Табыл Құлияс пен облысқа, тіпті республикаға танымал журналистер Идош Асқар, Аманғос Орынғалиұлы, Арыстан Аймағамбетұлы, Сырым Бақтыгерейұлы, Алмат Пангереевтер де «Ойылдың» «шекпенінен шықты».

Самат та қай уақытта да қаламгерлердің ордасы болған «Ойыл» арқылы ауданның ғана емес, облыстағы оқырмандарына өзінің ойлы мақалаларымен танылды. Қысқа мерзімде табиғат сыйлаған талантымен қаламын ұштап, журналистиканың қазанында қайнады. Міне, соның жемісі – облыстың бас газетіне жолдама алып отыр. Кеше ғана облыстық «Ақтөбе» газетінің экономика бөлімінің тілшісі болып қызметке кірісті.

Сондықтан, біз Саматқа ауданның тарихын жазуға атсалысқан еңбегі үшін шынайы алғысымызды білдіріп, жаңа қызметте шығармашылық қабілетін арттырып, биік белестерден көрінуіне тілектеспіз!

ҚОШ КЕЛДІҢ ЖАҢА ЖЫЛ!

Осыдан тура төрт күн бұрын кірген доңыз жылын ойылдық дүйім жұртшылық дәл мереке күні асыға қарсы алды. Ауданның символы саналатын Ойылдың кіре берісіндегі стан Жарылқасынұлы барша жұртшылықты Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, осы мереке қарсаңында дүкендері мен мекемелерін айрықша безендірген азамат-

шаңырақтың маңында еңбектеген баладан, еңкейген кәріге дейін жаңа жылдық кешке куә болды. Үлкендер жаңа жылдық концертті тамашаласа, балалар қырдан төмен қарай сырғанақ тепті. Аудан басшысы Датарды алғыс хаттармен марапаттады. Мерекелік шаралар ертегі кейіпкерлері болып әртүрлі көріністер қойған аудан орталығындағы мекеме қызметкерлерінің концертіне ұласып, от шашумен аяқталды.

КИЕЛІ ЖЕРЛЕР, ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕР

Атауы: Бөкеев батыр кесенесі.

Орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Кемер ауылдық округінің батысында 40 км.

Зерттелуі: «Ақтөбе» энциклопедиясы. «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспаханасы Ақтөбе, 2001жылы шыққан энциклопедиясына енген. 2001жылы Ақтөбе, «Нобель» ЖШС-нен шығарылған «Ойыл» атты кітапшада жарық көрді. Жергілікті өлкетанушы Жақсылық Бисалиевтің Ойыл аудандық қоғамдық-саяси газетіне 2004 жылы мақала берді. Рысжан Ілиясованың Алматы «Зерде», 2003жылы шыққан «АРУЛАР-АНАЛАР, ДАНАЛАР» атты еңбегінде жарық көрді. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында « Ақтөбе облысының табиғи-тарихи-мәдени орындары» атты кітапқа 2004жылы енгізілді. 2007жылы Ақтөбе қаласынан шығарылған «Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі» атты кітаптың 45-46 беттерінде мәліметтер келтірілді. Ойыл ауданының белгілі жазушысы Сырым Бақтыгерейұлының 2009 жылы «ФОЛИАНТ» баспасынан шығарылған «Ойыл» атты кітабына енді. 2010 жылы «Ойыл» энциклопедиясының 88-89 беттерінде жарық көрді. Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі «Бөгатаев батыр» туралы жинақтаған деректері «Ақтөбе облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері» атты 13 томдық ғылыми басылымның Ойыл ауданына қатысты 6-шы томына енгізілді (2012 ж.).

Қысқаша анықтамасы: «Ботағаз кесенесі» 2005 жылы тұрғызылды. Қоңырсай бойындағы Бүкіртұмсық биігінде, Кемер селосынның басында 40км жерде . Көлемі 5х5 метр, биіктігі 11 метр күмбезді кесене.

Елімізді жаудан найзаның ұшымен қорғаған батырлардың ішінде Тама Есет Көкіұлының қызы, Әжібай бидің келіні Ботагөз батыр (1719-1747жж.) өмір сүрген. Ботагөз қасына Садықты, бірнеше қыз-келіншектерді ертіп, су іздейді. жан-жағын барлап, сайдың тақырлау жеріне шығып тұрған бір түп қамысты көреді. Қамыс, ши шыққан жерде жер асты суы жақын болатынын жадында сақтаған қыз қамысты тартып қалғанда су білінеді. Кетпенмен екі-үш ойғандағ мөп-мөлдір бұлақтың көзін ашады. Келе жатқан көш сол бұлақтан су ішеді, осы бұлақ «Ботагөз бұлағы» деп тарихта қалды. Ботагөз дөл осы жерде кенеттен ауырып қалады. «Көз тиді» деп жасалған ем-домнан шипа болмай, Ботагөз көз жұмады. Ботагөз кесенесі – қазақтың қарапайым қызының туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігінің, сұлулықтың, ар-ождан тазалығының ескерткіші, ұлттың сәулет өнерінің туындысы.

Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының ұжымы мен бастауыш кәсіподақ ұйымы мектеп-гимназия мұғалімі Гүлдерайым Жанпейісоваға әкесі

Исаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.